

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлттық  
Таным

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



www.anatili.kz



www.facebook.com/anatilikaz



www.twitter.com/anatilikz

e-mail: anatili\_gazeti@mail.ru

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

DANALYQ MÁIEGI

## ABAI

### JYRMASYNSHY QARA SÓZ

Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді. Пәнде де бір іс бар жалғыз деген. Ол – тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе, оны адам өзі жора тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласының қутылмағы қиын. Қаратаным, сәлкіп тастап кетсең де ақырында тағы келіп жөндей.

Ақылы түгел, оңлы адамның бір баласы бақпаса осы адам баласының жалықпайтуғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойынан да, күлкіден де, мақтаннан да, кереметтен де, тойдан да, топан да, қатыннан да көңілі аз ба, көп пе жалғызды. Аны үшін бәрінің ғайыбын көреді, бағасын біледі, көңілі бұрыңғыдан да сүйі бастайды.

Дүние бірқалыпты турмайды, адамның қыаты, ғұмыры бірқалыпты турмайды. Әрбір мақұлыққа қудай тағала бірқалыпты турмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпты тура алады?

Бірақ осы жалғыз деген әр нені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын – бәрінің бағасын біліп жеткен, оңлы адамнан шығарды. Хаттақ ғұмырдың бағасын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолғақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалғыз болды. Бұл болғанда ақымақтық, қағсыздық та бір ғәмбет екен деп ойламын.

### JYRMA BIRINSHI QARA SÓZ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы – қын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін бақпадым: біреуінің атын үлкендік деп атаймын, біреуін мақтаншақтық демін.

Үлкендік – адам ішнен өзін-өзі бағалы есеп қыламы. Іағни надан атапастығын, жеңіл атапастығын, мақтаншақ атапастығын, әдепсіз, арыс, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді – осындай жарамсыз қылықтардан сақтаным, сол мінездерді бойна қорлық біліп, өзін ондалардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзіндік жақсы демесе, меңі білсін, жаман дегізбесем екен деп азыптанам.

Екінші, мақтаншақ деген біреуі: «демесін» демейді, «десін» дейді. Баи десін, батыр десін, қы десін, псық десін, әрмешік не түрлі болса да «десін» деп азыптаным жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Умытпақ түгіл, ағыл іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады.

Біреуі жаққа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол – надан, ләкин надан да болса адам.

Екіншісі, өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның нағандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі, өз үйіне келіп атпаса, іақи ағылына ғана келіп атпаса, өзге кisi қостаматын мақтанды іздейді. Ол – нағанның нағанды ләкин өзі адам емес.

Жаққа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтағыз іздеген өзіндік өзін мақтап жетем дейді.

(Жалғасы 2-бетте)

## Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

# ЖАҢА ОҚУЛЫҚТАР – БІЛІМНІҢ НАҒЫЗ ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың қазақ қоғамына ерекше серпіліс әкеліп, рухани сілкініс гудырған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының жарияланғанына бір жыл толды. Осыған орай Астанадағы Назарбаев орталығында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында шығарылған алғашқы кітаптардың таныстыру рәсімі өтті. Шараны Білім және ғылым министрі Ерлан Сағадиев жүргізіп отырды.

Алқалы жиында ашқан Мемлекет басшысы рухани жаңғыру аясындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталып, «100 жаңа оқулық» жобасының жас ұрпаққа білім беру ісіндегі рөлі зор екенін айтты. «Жастарымыз жоғары ғылыми стандарттарға сөйкес білім алуы тиіс. Сондықтан біз 800 кітаптан тұратын үздік оқулықтардың ауқымды тізімін әзірледік.

Ұлттық аударма бюросы құрылып, жұмысына кірісті. Біз бүгін алғашқы 18 кітаптың таныстырылымына жиналып отырмыз» деді Елбасы. Ұлттық аударма бюросының директоры Рауан Кенжетханұлы жобаны жүзеге асырудың жай-жапсарына кеңінен тоқталды. Ұлттық аударма бюросы бытыр Елбасының тапсырмасы бойынша

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру мақсатында құрылған болатын. Бюро директоры бұл жобаның маңыздылығына тоқталып, бір жыл ішінде қандай жұмыс атқарылғанын айта келе, алдыңғы кезекте жарық көрген 18 оқулықты таныстырды.

(Жалғасы 2-бетте)

## ТАҒЫМ

### Өшпес даңқ

Биыл қазақ халқының тарихындағы елеулі оқиға – Орбұлақ шайқасына 375 жыл толып отыр. Осыған байланысты Шымкент қаласында «Ұлы Жеңістің ақиқаты және маңызы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өтті.

Жиында сөз алған Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Орбұлақ шайқасының маңызына тоқталды. «Тарихта ерекше із қалдырған қазақ халқы үшін азаттық жолындағы Ұлы жеңістердің бірі және бірегейі – Орбұлақ шайқасы. Бұл – ұлттық тарихтың жауынгерлік даңқ шежіресінде ерлік пен қаһармандықтың және отаншылдықтың өнегесі болып айшықталып қалды. Бүгінгі ғылыми жиын Орбұлақ шайқасындағы Ұлы жеңіске 375 жыл толуына орай ұйымдастырылып отыр»

деді облыс басшысы. Конференцияда Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов «Орбұлақ шайқасының әлемдік тарихи маңызы» атты тақырыпта баяндама жасады. Осы күні Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Шымкент-Ташкент халықаралық күре жолы бойындағы биік төбе басына Орбұлақ шайқасындағы жеңістің құрметіне тұрғызылған «Батыр бабалар» мемориалдық кешені және ұлт қаһармандары Салқам Жәңгір хан мен Жалантөс баһадүрдің ат үстіндегі айбынды ескерткішінің ашылу салтанаты болды. Орбұлақ шайқасына арналған шара жөніндегі материалды газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар.

Нүркен ЖАНДӘУЛЕТҰЛЫ

БАСПАСӨЗ – 2018

### «Ана тіліне» жыл бойы жазылуға болады

Биылғы жылға жазылған оқырмандарымызға шынайы ризашылығымызды білдіре отырып, ұлт басылымы – «Ана тілі» газетіне жазылу жыл бойы жүргізілетінін еске салғымыз келеді.

Газетіміздің негізгі тақырыбы Тәуелсіздігіміздің, ел бірлігінің тірегі – мемлекеттік тілдің жай-күйі болғанымен, көтеріп жүрген мәселелері

ауқымды. Олардың ішінде әлеуметтік жағдай, мәдениет, әдебиет, тарих және басқа да рухани мәселелер бар. Баспасөзге жазылу секілді маңызды істі жұртшылықтың қолдау-көмегісіз жүргізу қиын. Олай болса ұлтқа, руханиятқа жанашыр жандар «Ана тілінің» ел ішінде көптеп таралуына лайықты үлес қосалы деген сенім бар. «Ана тіліне» жазылайық, ағайын!

# СИРЕК ҚОЛЖАЗБА – ҚҰНДЫ МҰРА

Қолжазба – ғасырлар мұрасы. Елдің сан ғасырлық рухани, саяси өмірінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат беретін асыл мұраларымыздың құндылығы қашанда жоғары бағаланған. Өйткені сирек кездесетін қолжазбалар мен алуан түрлі сирек басылымдардың түп нұсқалары – бағзы заманнан бүгінге дейінгі тарихи ұзақ мерзімді қамтитын, әртүрлі тілдерде жазылған баға жетпес, құнды жәдігерлердің бірі. Осы орайда ұзақ жылдар бойы кітапхананың жандандыру жолында еселі еңбек еткен, Орталық ғылыми кітапхананың меңгерушісі Қарлығаш ҚАЙМАҚБАЕВАМЕН әңгімелескен болатынбыз.

– Қарлығаш Ескендірқызы, әңгімеімізді Орталық ғылыми кітапхананың құрылу тарихынан бастасак...

– Кітапхананың тарихы 1932 жылы КСРО Ғылым академиясының Алматыдағы қазақстандық базасының алғашқы ғылыми бастауыш ұйымының ашылуымен басталды. 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясы құрылып, кітапхана «Орталық ғылыми кітапхана» дәрежесіне ие болды.

Кітапхана дамуының, ғылыми деңгейінің маңызын анықтауда Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың орны ерекше. Орталық ғылыми кітапхананың қалыптасуының, дамуының негізгі кезендері ғалым есіммен тығыз байланысты. Сол жылдары ғылыми-зерттеу мекемелерінің тақырыптары бойынша міндетті ақылы басылымдар, атакты ғалым-академиктер В.Комаров, А.Архангельский, Н.Курнаков,


Д.Зелениннің жеке кітапханалары, Мәскеу, Ленинград, Рига, Львов, Ташкенттің ірі кітапханаларының дублеттік қорларынан кітаптар алына бастады. Сонымен қатар академик Әлкей Марғұлан бастаған ғылыми экспедициялар ұйымдастырылып, ел ішінен, басқа республикалардан мұралар іздегірілді. Жиналған құнды жазбалар Орталық ғылыми кітапхана қорының маңызын арттырды десек те болады. Еліміздегі ірі кітапханалардың бірі саналатын Орталық ғылыми кітапханада 6 миллионға жуық ғылыми басылым бар. Кітапхана қоры ұлттық және шетелдік басылымдар, диссертациялар, ғылыми еңбектер, Қазақстан ғалымдарының жеке кітапханаларының аса бай жиынтығынан тұрады. Деректердің ауқымы өте үлкен: тұпнұсқа қолжазбалармен қатар заманауи электронды ақпарат тасымалдаушылар да бар.

– Орталық ғылыми кітапхананың

(Жалғасы 5-бетте)

## МӘДЕНИ МҰРА

### Бүгінгі сәндә:



### Төл жазуымыздың өзекті мәселелері

4-бет



### Талдысай – тұнған тарих


11-бет



### Атырау театры – Алматыда

12-бет

КЕЛЕСІ НӨМІРДЕН ОҚИТЫНДАРЫҢЫЗ:



## СӨЗТАНЫМ

ҚАЗПОШТА

Индекс	Мерзімі	Қала	Аудан\ауыл
65367	6 ай	1747,90	1859,70
	12 ай	3495,80	3719,40
Мекемелер мен ұйымдар үшін			
15367	6 ай	3202,40	3314,20
	12 ай	6404,80	6628,40
Зейнеткерлер мен ҰОС қатысушылары үшін			
55367	6 ай	1451,78	1563,58
	12 ай	2903,56	3127,16



АҚОРДА

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ:

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛ МҰРАТЫ

НАҚТЫ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Елбасы Н.Назарбаев Ұлттық банктің қызметі туралы кеңес өткізді. Жиын барысында Ұлттық банктің 2017 жылға арналған есебі тыңдалды және елдің қаржы секторын дамыту жайы сөз болды.

Президент макроэкономикалық көрсеткіштердің жақсарғанын және инфляцияның шекті деңгейде екенін атап өтті. Сонымен қатар биылғы Жолдауда және «Бес әлеуметтік бастамада» көрсетілген қаржы секторының жүктемесін жеңілдету шараларына жеке тоқталды. Қазақстан Республикасы Ұлттық банк төрағасы Д.Ақышев өткен жылы банк қызметінің нарықтық бағаларды және банк секторының жұмысын тұрақтандыруды қамтамасыз етуге бағытталғанын жеткізді. Одан бөлек Д.Ақышев тенгенің айырбас бағамына, оған ықпал ететін сыртқы және ішкі факторларға қатысты түсіндірме берді. Жиын соңында Елбасы Ұлттық банктің жұмысы жақсарғанын атап өтіп, нақты тапсырмалар берді.

\*\*\*

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Корея Республикасының Сыртқы істер министрі Кан Гён Хванмен кездесті. Кездесу барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынастың даму перспективалары сөз болып, арадағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері әңгіме арқауына айналды.

Корей Сыртқы істер министрі Кан Гён Хва Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Корей мемлекетінің басшысы Мун Чже Иннің ыстық ықпалын жеткізіп, ел басшысы екі мемлекет арасындағы достық қатынасты нығайтуға ниетті екенін айтты.

\*\*\*

Елбасы Н.Назарбаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер, соның ішінде Сириядағы ахуал талқыланып, сондай-ақ екі елдің арасындағы береке-бірлік, ынтымақтастық сөз болды.

\*\*\*

Елбасы Н.Назарбаев ҚР Ұлттық Экономика министрі Т.Сүлейменовті қабылдады.

Мемлекет басшысы «Барлық шаралар Қазақстан экономикасын дамыту үшін жүзеге асырылуға тиіс. Мемлекеттік бағдарламалардың, соның ішінде «Бес әлеуметтік бастаманың» іске асырылуы барысын зерттеу қажет. Ұлттық Экономика министрінің орталық және өңірлік деңгейдегі барлық мемлекеттік органдардың қадамдарын айқындауы керек» деп, бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді.

Ұлттық Экономика министрі өз кезегінде үстіміздегі жылдың алғашқы тоқсанында атқарылған жұмыстары жайында баяндап, есеп берді.

ҮКІМЕТ

АҚПАРАТТЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

ҚР Премьер-министрі Бакытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында үстіміздегі жылдың бірінші тоқсанындағы әлеуметтік-экономикалық даму, республикалық бюджеттің орындалуы қаралып, жол картасының іске асырылуы және тұрғындардың цифрлы сауаттылығын арттырып, мемлекеттік қызметтерді көрсету жағдайы талқыланды.

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев ақпараттық сауаттылықты арттыруға баса мән беріліп отырғанын тілге тиек етіп, 2022 жылға дейін ақпараттық сауаттылық деңгейін 83%-ға жеткізу жоспарда тұрғанын жеткізді. Министрдің айтуынша, тұрғындардың цифрлы сауаттылығының деңгейі бүгінгі күні 77%, ал осы жылдың аяғына дейін бұл көрсеткішті 78,5%-ға көтеру көзделген.

Цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған ұсынымдар жасалып, оны оқытудың саны мен формасы белгіленген. Оқытудың негізгі төрт бағдарламасы: базалық цифрлы, ақпараттық, транзакциялық және электронды коммерциялық дағдылар бойынша жүргізіледі.

Халықтың цифрлы сауаттылығын арттыруға арналған екі бағытқа тоқталсақ, оның біріншісі – орталық мемлекеттік органдар халық пен кәсіби кадрларға жан-жақты білім береді. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы министрліктері жауапты мемлекеттік орган ретінде қатысып, цифрлы сауаттылыққа байланысты қосымша білім беруге міндетті. Ұлттық экономика министрінің «Бизнесті жүргізу» атты көсіпкерлерді оқыту жұмыстары бұған дәлел бола алады. Бұл оқыту бағдарламасына цифрлы саланы кірістіру о баста жоспарланғанын көрсетеді.

Екінші бағыт – тұрғындарды жергілікті атқарушы органдар оқытады. Бұған қоса, 8 миллион азаматты мемлекеттік электронды қызмет алуға және онлайн-сауда жүйесін игеру бойынша базалық білімге үйрету де алдағы уақытта атқарылар істің бірі. Бұл «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы мен «Қазпошта» АҚ базасында жүзеге асырылады. Екінші бағыт аясында жергілікті атқарушы органдар Халыққа қызмет көрсету орталықтары және Қазпоштамен байланыс жасай отырып, бірлесіп еңбек етеді.

Жиын барысында Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов, Қаржы министрі Бакыт Сұлтанов, Инвестициялар және даму министрі Женис Қасымбек, Энергетика бірінші вице-министрі Махамбет Досмұхамбетов, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова атқарып отырған жұмыстары жөнінде баяндама жасап, 2018 жылдың бірінші тоқсанының нәтижесін сөз етті.

Үкімет басшысы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне баға беріп, Елбасының Үкіметке сенім артып отырғанын, экономика өсімін қамтамасыз ету бойынша нәтижелі жұмыс атқарылуы тиіс екендігін атап өтіп, жұмыла іске кірісуге шақырды.



(Басы 1-бетте)

Олар: Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін», Энтони Джон мен Патрик Кеннидің «Батыс философиясының жана тарихы, Антика философиясы» (4 томдық, I том) және «Батыс философиясының жана тарихы, Орта ғасыр» (4 томдық, II том), Реми Хесстін «Философияның тандаулы 25 кітабы», Дэвид Бринкерхофтың «Әлеуметтану негіздері», Джорди Ритцердің «Әлеуметтану теориясы», Элиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз: әлеуметтік психологияға кіріспе», Дуэйн П.Шульц пен Сидней Еллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы», Дэвид Майерстің «Әлеуметтік психология», Грегори Мэнкью мен Марк П.Тейлордың «Экономика», Дональд Ф.Куратконның «Көсіпкерлік: теория, процесс, практика», Рикки В.Гриффиннің «Менеджмент», Карен Армстронгтің «Иудаизм, Христиандық пен Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны», Виктория Фромкин, Роберт Ролман, Нина Хаймстің «Тіл біліміне кіріспе», Светлана Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация», Алан Барнардің «Антропология тарихы мен теориясы», Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революция» атты оқулықтары.

Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақала қазақстандықтар тарапынан кең қолдауға ие болғанын айтып, оның жекелеген бағыттары бойынша атқарылған



жұмыстардың нәтижелеріне тоқталды. «Барлық өңір «Туған жер», «Киелі жерлердің географиясы» және «100 жаңа есім» жобаларына атсалысып жатыр. Бір жыл ішінде меценаттар қаражаты есебінен әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға ондаған миллиард теңге бөлінді. 700-ден астам мәдениет ескерткіштері жөнделіп, қайта қалпына келтірілді. Жүзеген ғылыми экспедициялар ұйымдастырылды» деді Президент.

Мемлекет басшысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан «100 жаңа оқулық» жобасының бүкіл әлеуметтік-гуманитарлық сала үшін маңызды екенін айтып, оның бірқатар ерекшеліктерін атап өтті. «Бүгінгі алғашқы зияткерлік транш АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция және Швейцария сияқты алдыңғы қатарлы елдердің ең үздік ғылыми еңбектерін қамтиды. Бұл кітаптармен танысуға мүмкіндік алған жастарымыз көп емес» деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы ұсынылған



ҒЫЛЫМ ТІЛІ ЖАҢА ҰҒЫМДАРМЕН ТОЛЫҒАДЫ

Отандық авторлар жаған төл оқулықтар да жарық көріп жатуымен бірге, гуманитарлық қоғамдық ғылымдар саласындағы үздік 100 оқулықты аудару ісі қолға алынды. Олардың алғашқы 18-нің тұсауы да кесілді. Осы оқулықтарды көпшілік қауым қазақ тілінде оқып, алдағы жаңа оқу жылынан бастап бүкіл студенттер қауымы қажетіне жарата алады. Енді «Бұл еңбектер бізге не береді, қарағанды неде?» деген мәселеге келсек, тіл ғылымы мен ұлт тілінің мүддесі тұрғысынан қарағанда мына мәселелерді атап айтқан жөн деп санаймыз.

Біріншіден, қазақ тілінде білім алып жатқан студент жастар мен ғылыми ізденушілер ең үздік оқулықтар арқылы әлемдік ғылымның соңғы жетістіктерімен өз ана тілінде танысу мүмкіндігіне ие болады. Енді олар әлемнің жетекші университеттері мен ғылыми орталықтары профессорларының, аты жаһанға жайылған ғалымдардың еңбектерін қазақша оқи алады. Яғни бұл оқулықтар тілдер арасындағы бөгетті бұзып, ағылшын, неміс, француз, испан, қытай, орыс және басқа да тілдердегі озық білім мен ғылым жетістіктерін қазақтілді қауымға тікелей жеткізетін құрал болатындығымен құнды.

Екіншіден, бұл оқулықтар мемлекеттік тілдің таным көкжиегін кеңейтіп, оны жана ғылыми ақпараттармен байытады. Қазақтың ғылым тілінің, оқулық тілінің дамуына, оны оқытып, іздейтін оқырмандардың артуына жол ашады. Ендеше, ондай әдебиеттерді ұлт тіліне аудару қазақ тілін құнды ғылыми ақпаратты мол, ғылым тіліне айналдыруға септігін тигізетін өте маңызды қадам.

Үшіншіден, сол ғылым тілі жана ұғымдармен, ұлттық терминдер қорымыз өз тілімізде жасалған ұтымды жана баламалармен және өзге тілден қабылданған атаулармен де толығады. Әр ғылым саласының терминдер қоры – ғылыми ұғымдардың қоймасы, қазыналы сарайы. Сол сарайды қазіргі заманғы ең жана өрі ғылыми құндылығы жоғары ақпараттармен, солардың

кітаптар қазақ тіліне түпнұсқадан аударылғанын айрықша атап өтті. Ал бүгінгі іс-шара рухани жаңғыру бағдарламасының жана кезеңін бастайтынын айтты. «Бұл – ауқымды энциклопедиялық ізденіс арқылы адамзат дамуының көкжиегіне жол ашатын кезең. Бүгінде зияткерлік даму үдерісінен туындаған тың серпіннің арқасында рухани революция бастау алып келеді» деді Президент.

Нұрсұлтан Назарбаев, сондай-ақ қазіргі жағдайда әлемнің дамуы көбіне инженерлік ғылымның әлеуетімен анықталатынына назар аударып, озық технологияларды пайдаланудың максаттарын ұғыну маңызды екендігін тілге тиек етті. «Ғылыми таным – заманауи ұлттың бәсекеге қабілетті болуының басты шарты. Жаңа оқулықтар білімнің нағыз энциклопедиясы болып саналады. Бүгінде оқу әлісі ғана емес, сондай-ақ оның мазмұны да маңызды. Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бәсекеге арналған жалпұлттық білім беру ісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді» деді Мемлекет басшысы.

Елбасы әлемдік тәжірибеде мұндай кешенді бағдарламаның іске асырылуы сирек кездесетінін атап өтті. «Жаңа оқулықтар – эксклюзивті гуманитарлық кітапхана. Бұл оқулықтар көпшілік үшін кітап түрінде, электронды онлайн нұсқасында және үздік лекторлардың ашық дәрістерінің видеотекасы сияқты үш форматта қолжетімді болмақ. Кітаптар латын қарпіне басып шығарылғаннан кейін, оларды шетелде тұратын жастарымыз да оқи алатын болады» деді Президент.

Нұрсұлтан Назарбаев жобаны іске асырудың арқасында Қазақстанда аударма ісінің жаңа мәдениеті қалыптасқанын атап өтті. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті еліміз бен қо-

ғамымыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторының маңыздылығы жөнінде айтты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жастарымыздың болашағы үшін іске асырылуда. Осы орайда, өскелең ұрпақтың оны жүзеге асыруға белсенді түрде атсалысқаны аса маңызды. Біз бүгін тәуелсіздік жылдары қалыптасқан ғылыми-кадрлық әлеуетіміздің зор екеніне тағы да көз жеткіздік» деді Мемлекет басшысы. Елбасы үштілділік қағидатын сақтаудың маңыздылығына тоқталып, биыл бірнеше шетелдік оқулықты орыс тіліне де аудару мәселесін қарастыруды тапсырды.

Жиынды қорытындылай келе, Елбасы Қазақстан Үкіметі мен Ұлттық аударма бюросына бірқатар нақты тапсырма берді. «Біріншіден, 2018 жылға жоспарланған 30 кітаптың әрі қарай шығуы аударылуын және басылып шығуын қамтамасыз ету керек. Қаржыландыру уақыты әрі толық бөлінуге тиіс. Келесі жылы аударылалы деп жоспарланған оқулықтар өз уақытында іріктеліп, талдаудан өткізілуі керек. Екіншіден, бұл оқулықтарды білім беру үдерісіне тиімді түрде енгізу – маңызды міндеттердің бірі. Осы оқулықтар бойынша оқытатын пәндер жана оқу жылының білім беру бағдарламаларына енгізілуі қажет. Үшіншіден, ғылыми тәжірибеде қолданылатын барлық терминдерді жүйелендіріп, гуманитарлық және экономикалық лексиканың жана түсіндірме сөздігін шығаруды тапсырамын. Төртіншіден, оқулықтар көдіміз кітаптар сияқты басылып шығуы керек. Сонымен қатар онлайн білім беру ісін дамыту қажет. Қазір дамыған елдерде виртуалды университеттер бар. «Қазақстанның ашық университеті» жан-жақты қолдау табуы керек. Ашық лекциялар видеотекаларының және

солардың негізінде дайындалатын оқулықтардың сапасын қадағалауға ерекше назар аудару қажет. Бесіншіден «100 жаңа оқулық» жобасы ғылыми аударма мектептерін дамыту ісінде маңызды рөл атқарады. Сондықтан аударма саласында тәжірибенің, білімнің және кәсіби дағдының жүйелі дамуын қамтамасыз ету керек» деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық аударма бюросының директоры Рауан Кенжеханұлы жоба жұмысына еліміздегі іргелі оқу орындары, гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу орталықтарының мамандары тартылғанын жеткізді. «Аударманы мейлінше сапалы шығару үшін жұмысқа тәжірибелі аудармашылар мен жоғары оқу орындарының ұстаздары шақырылған. Ғылыми редакция жасауға еліміздің белгілі ғалымдары, әдеби редакцияға қарымды қаламгерлер, білікті редакторлар мен баспагерлер тартылды. Қазір бұл жұмысқа 200-ге тарта маман қатысуда. Сондай-ақ ғылыми аудармасы жолға қойылған елдердің тәжірибесі мұқият зерттелді. Іргелі аударма технологиясының бірі дүниежүзіндегі 181 мыңнан аса аудармашысы қолданатын арнайы тұғырнама ұсынылды» деді ол.

Қазақстан Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қиын-қыстау кезеңнің өзінде талантты да талапты жас буынды әлемнің алдыңғы қатарлы оқу орындарына жіберіп, олардың сапалы білім алуына барлық жағдай жасағаны белгілі. Бүгінде бұл жұмыстар бір ізге түсіп, жүйелі сипат алды. Бұл еліміз жастарының жоғары ғылыми стандарттарға сай білім алуы – Елбасының басты назарында екенінің айғағы. Сол игі істердің заңды жалғасы ретінде Мемлекет басшысының тікелей бастамасымен «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы жүзеге асырылып отыр. Сондықтан жынға қатысқан ғалымдар мен ЖОО оқытушылары бұл бастаманы ең алдымен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жастарға деген ұдайы қамқорлығы мен қолдауының жемісі деп бағалады.

Сонымен, мемлекеттік маңызы зор ауқымды жобаның алғашқы нәтижелері – әлеуметтік және гуманитарлық салада жоғары бағаланатын және дүниежүзінің ең үздік жоғары оқу орындарында оқытылатын 18 оқулық өз оқырманына жол тартты. Ғылым мен білімді дамытып, әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылу міндетін алдыға қойып отырған еліміз үшін қазақ тіліне аударылған жана оқулықтардың маңызы зор. Ана тіліміздің кең қанат жаюына және отандық ғылымның өркендеуіне үлкен мүмкіндік беретін жоба алдағы уақытта лайықты жалғасын табады.

Дина ИММАНБАЕВА

СУРАНЫСҚА ИЕ ҚҰНДЫ ЕҢБЕКТЕР

Білімнің, ғылымның қайнар бұлағы қашанда кітапта екені белгілі. Осы орайда «100 оқулық» бағдарламасы бойынша жарыққа шығатын басымдардың кітапхана қызметкерлері үшін маңызы ерекше.

Бұл кітаптар әр саланы қамтитын болғандықтан, оқырмандар өздеріне керекті мәліметтерді толық ала отырып, білім деңгейлерін толықтыра алады. Бұл жастарға көрсетілген үлкен жанаушылық, елдің ертенгі келешегі үшін тындырылып жатқан игілікті іс деп білеміз.

Бұл ретте оқулықтардың аударма сапасымен қоса басып шығарылуы да жоғары деңгейде болғанын қалар едік. Себебі кітапханаға түсетін кітаптардың түптелуі нашар болса, көп оқыған сайын парактары шашылып, жарамсыз болып қалады. Сондықтан оқулықтардың мазмұны мен сыртқы ресімделуі сай келсе ғасырдан-ғасырға мұра болып қалары сөзсіз. Бұл талаптар аталған кітаптардың барлық оқырмандар үшін қолжетімді болуына септігін тигізеді.

Жалпы Елбасы Н.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арқасында руханият пен мәдениет саласында ауқымды жобалар жүзеге асырылуда. Бұл шаралар кітапхана қызметіне де тікелей қатысты. Бағдарлама бастау алғалы бері кітапхана келетін оқырмандар саны да арта түсті. Әсіресе тарихи-мәдени мұраларымызға деген сұраныс ерекше мән-маңызға ие болды. Осыған орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес дүниежүзі бойынша ғылыми жауһар болып табылатын еңбектердің алғашқы легі ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударылып, оқу орындарына, кітапханаларға жол тартуы еліміздің рухани өміріндегі жана белес деп білеміз. Мысалы, 100 оқулық тізіміндегі Дж.Ритцердің «Әлеуметтану теориясы», Грегори Мэнкьюдің «Экономика», Рикки Гриффиннің «Менеджмент», Карен Армстронгтың «Құдайдың тарихы» және басқа кітаптар оқырмандар арасында сұранысқа ие. Сондықтан бұл басылымдарды студенттер мен ғалымдар қызығып оқып, жана білімдерді игеретініне күмәніміз жоқ.

Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор

Құттыққыз ҚАСЫМБЕКОВА, ҚР Ұлттық кітапхананың қызметкері





Астананың 20 жылдығы – ел өміріндегі аса ірі тарихи оқиға, Қазақстан халқының мерейлі мерекесі. Біз ғасырлар тоғысында тәуелсіз жаңа мемлекет орнатты, байтақ еліміздің дәл ортасынан бас қаламыз – Астананы салдық. Бүгінде әлемдік қауымдастық үшін Қазақстан мен Астана атаулары егіз ұғымға айналып кетті. Бұл ұғым қарыштап даму мен өрісті өркендеудің өнегелі үлгісі ретінде орнықты. Осындайда еліне, халқына деген мақтанш сезімі бойды кернейді. Қазақ халқы – ержүрек, достыққа адал, бауырмал, қонақжай халық. Бізде ынтымағы жарасқан көптеген ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан бүгінде дүниежүзінің көптеген елдерімен достық байланыс орнатқан, бүкіл әлем таныған елге айналды.



Суретті түсірген Ерлан Омаров

# АРАЙЛЫ, АЖАРЛЫ АСТАНА

«Елу жылда ел жаңа» дейді дана халқымыз. Сарыарқа төсінен бой көтерген Астана аз ғана уақыт ішінде әлемде өзіндік келбеті бар әсем қалаға айналды. Астана – сан түрлі арман-қиялдарды жүзеге асырып, сан-қилы тағдырларды тоғыстырып жатқан керемет те, көркем қала. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Астана-асқақ абыройымыздың айғағы» дегендей, Астана қаласының тіршіліктің нысанына қолайлы ортасын құру және оны орнықты дамыту, экологиялық қауіпсіздікті, табиғат пен мәдени мұраларды сақтау мақсатында жасалған қала құрылысының жобасының іске асуы Елбасымыздың арқасы екенін білуіміз керек.

Тарихи тереңде жатқан Қазақстанның бұрынғы астаналары туралы сөз қозғайтын болсақ, үш мемлекеттің: Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағандықтарының астанасы Суяб қаласының іргесі V ғасырда қаланды. Орталық Азиядағы аса ірі қалалардың бірі – Баласағұн (Ақтөбе) – Батыс Түрік қағандығының, Қарахан және Қарақандан мемлекетінің бас қаласы болды. Ең көне астаналардың бірі – Тараздың атағы VI-VII ғасырлардың өзінде Қытайдан Византияға дейін тарайды. Тараз Грек зерттеуші Птолемейдің картасына түсірілген. X ғасырдан бастап Тараз Қарахан әулеті өкілдерінің астанасы, көп уақыт бойы экономикалық орталық, Ұлы Жібек жолындағы жетекші сауда орны болды. Жазба деректерде «Бірінші қала» атанған данқты Испиджаб (Сайрам) 7 ғасырдан белгілі. Күлтегін, Білге

қаған тас ескерткішінде Тарбанд деген атпен жазылған Отырарды (Фараб) араб ғалымы әл-Макдиси (X ғасыр) өте көне астана деп атайды. XIX-XI ғасырларда Сыр өңіріндегі Жанкент Оғыздар мемлекетінің, ал Ертіс бойындағы Имакия қаласы Қимақ мемлекетінің өркендеген астанасы болды. Дешті Қыпшақтың астаналары Орда Базар мен Жент, Ақ Ордадан бас қалалары Сауран мен Сығанақ әлденеше қиратылып, қайта жанданды. Рузбихан жазбаларында (XVI ғасыр) Сығанақ саудасы өркендеген, бау-бақшасы жайқалған, қазақтың бай қаласы ретінде аталған.

Қазақ хандығының астанасы Түркістан қаласының тарихи орны ерекше. Түркістан Тәуке, Қайып, Әбілқайыр, Семеке (Тәукеұлы), Әбілмәмбет, Сейіт, Есім, Болат, Абылай, Тоғай хан тұсында қазақтардың айбынды астанасы болды. Шаһар жалпы түркілік мәннен ажыратылмады. Қожа Ахмет Ясауидің есімі мен кесенесі оны Орталық Азияның діни астанасы – екінші Мекке мәртебесіне жеткізді. X ғасырда әл-Фараби астананы «қайырымды қала» деп атады. Ол «Асқан игілік пен ең биік кемелділік дәрежесіне ең алдымен жоғары дәрежелі дамыған қоғамның қайырымды қаласы – астанасы жетеді» деп санады. Әл-Фараби қайырымды қаланы мін-ақауы аз, тұрғындары заңға ден қойған, адамдарының пенделшіліктерінен гөрі рухани сипаты басым, әділеттілік пен парасаттылық жайлаған бейбіт қала етіп суреттейді. Көрші елдерден

Шыңғысхан империясының астанасы Қаракорымның, Шағатай әулетінің астанасы Алмалықтың (XIV ғасырда Алмалық Моғолстанның астанасы болды), Темір мемлекеті мен Шайбани әулетінің астанасы Самарқанның Самани әулеті мен Бұхара хандығының астанасы Бұхараның Алтын Орда астаналары Батый салған Сарай, Берке хан салдырған Сарай-Беркенің Қазақстан тарихындағы орны ерекше. Сондай-ақ Сарайшық, Қазан, Бақшасарай, Хиуа мен Үргеніш, Қокан қалалары қазақ шежіресінде терең із қалдырды. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялылары астананы «кіндік қала» деп атады. 1917-19 жылдары Алашорда автономиясының астанасы Алаш (Семейдің іргесіндегі) қаласы аталды. Кеңес дәуіріндегі Қазақстан астаналары Орынбор (1920-25), Қызылорда (1925-29), Алматы (1929-97) болды. 1994 жылы соңғы екі ғасыр тарихында қазақ халқы тұңғыш рет өз мемлекетінің астанасы туралы дербес шешім қабылдады. 1997 жылы 20 қазанда ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ақмола қаласының (1998 жылдың 6 мамырынан – Астана қаласы) Қазақстан Республикасының жаңа тұрпатты бас қаласы болғанын жариялады. Жаңа астананың халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті.

Астана тарихы сонау 1830 жылдан бастау алады. Ол кезде қала патша әскерінің бекінісі болған. Ақмола бекінісі деп аталған. 1863 жылы 16 шілдеден бастап Ақмола округтік қала атанды. Қала халқы екі мыңдай

адамды құрады. Дами келе, 1893 жылы Ақмола қаласында қала халқы 6428 адамға жетті. Бұл елді мекен 3 шіркеу, 5 мектеп, 1 училище, 3 зауыты бар үздік қала болған. 1960 жылы тын игеру орталығына айналды. 1961 жылы Ақмола деген атауы орысша Целиноград деп өзгертілді. Целиноград облыс орталығы мәртебесін алды. Еліміз тәуелсіздік алған соң, 1992 жылы қалаға қайтадан өзінің қазақша атауы беріліп, Ақмола облысы атанды. Ақмола облысы – еліміздің ірі астық өндірі және ірі ауыл шаруашылық машина жасау орталығы болды. Жер қойнауы – алтын, уран, бокситтер, сурьма, мыс, кварц құмдары, т.б. пайдалы қазба байлықтарға бай. 1999 жылы Астана ЮНЕСКО шешімімен «әлем қаласы» атағын алды.

Қазақстанның бас қаласы 2000 жылдан бастап астаналар мен ірі қалалардың халықаралық ассамблеясының мүшесі. Астана – Азияның солтүстігінде орналасқан елорда. Қаланың атауы қазақ тілінен алынған. Қазақша ол сөз елдің бас қаласы дегенді білдіреді. Астана сөзі қазақ тіліне парсы тілінен ауысқан. Онда ол «киелі орын», «босаға» деген мағыналарға ие. Жаңа елорда Отанымыз үшін, біздің сүйікті Қазақстанымыздың жаңа болашағының жарқын да ізгі беташары болып, қазіргі кезде әлемдік, іскерлік байланыстың орталығына айналып отыр. Елбасымыз айтқандай, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жаңа Астанасы әрі жас Астанасы қайсымыздың болса көкірегімізде арнайы рухты оятады. Ел астанасын аяуыстыру Астананың экономикалық дамуына қуатты серпін берді. Қала экономикасының қарқынды дамуы көптеген инвесторлар үшін тартымды болып отыр. Қала экономикасының негізі – сауда, өнеркәсіп өндірісі, көлік, байланыс және құрылыс салалары болып табылады. Шаһардың өнеркәсіп өндірісі негізінен құрылыс заттарын, азық-түлік өнімдерін шығару мен машина жасау ісі төңірегіне шоғырландырылған.

## ЕЛ ЕҢСЕСІ – ЕЛОРДА

Астана Қазақстанда құрылыс металл бұйымдарын, пайдалануға дайын бетон және бетоннан жасалған құрылыс заттарын шығару жөнінен алдыңғы орынды иеленеді. Қаланың ірі кәсіпорындары қатарында Целиноград вагон жөндеу зауыты, «Щенна-Астық» концернін, «Тұлпар-Тальго» ЖШС жолаушылар вагонның құрастыру зауытын, «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС тікұшақ құрастыру зауытын айтуға болады. Қала Қазақстандағы ірі бизнес орталығының біріне айналды. Сондай-ақ елорда құрылыс ауқымы жөнінен де елде көш бастап тұр. «Бәйтерек» кешені жаңа елорданың басты символына, оның өзіндік бойтұмарына айналды. Өзге де бірегей сәулеткерлік ғимараттар қатарында «Бейбітшілік және келісім» сарайын, әлемдегі ең биік шатыр үлгісіндегі ғимарат – «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығын, теңізден алыс орналасқан океанариум – «Думан» орталығын, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театрын, Орталық Азиядағы ірі мешіт – «Әзірет Сұлтан» мешітін, Әулие Үспен Богородица кафедралық соборын, Әулие Мария Архиепархиясы рим-католиктік кафедралық соборын, «Бейт Рахель Хабал Любавич» синагогасын, «Қазақстан» орталық концерт залын, «Қазақ Елі» монументін, Қазіргі заманғы өнер музейі мен Президенттік мәдени орталық ғимараттарын атауға болады. Жаңа спорттық нысандар арасында 30 мың көрерменге арналған «Астана-Арена» жабық стадионы, 2011 жылы әлемде үздік деп танылған, 10 мың орынға арналған «Сарыарқа» бірегей велотрегі бар. Тағы бір маңызды спорттық кешен – ең жоғары халықаралық стандарттарға сай келетін «Алау» мұз айдыны. Астананың айналасында бірегей «жасыл белдеу» жасалып, қала ұлан-ғайыр далалық өлкенің ортасындағы шұратқа (оазис) айналып келеді.

Бүгінде Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгресстер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанада ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері болып өтті. 2011 жылдың басында республиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады. «ЭКСПО – 2017» халықаралық көрмесі өтті.

Елорданың өркендеуі – еліміздің өркендеуінің белгісі. Ендеше бас қаланың жаңадан қаланып жатқан іргетасы берік болып, мерейі үнемі асқақтай берсін дегім келеді.

**Айнұр СӘРСЕНОВА,**  
№2 Ертіс жалпы орта білім беру мектебінің директоры

Павлодар облысы  
Ертіс ауданы

## ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

### КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ІСКЕ АСАДЫ

Еліміздегі «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының негізгі төрт бағытының бірі ауылдық елді мекендерде интернетке кірудің кең жолақты желісін енгізу арқылы жоғары технологиялық цифрлық инфрақұрылымды құру.

Осы бағдарлама аясында шалғайдағы елді мекен тұрғындары жоғары сапалы қызметке қол жеткізеді. Биылғы жылдың соңында бірқатар өңірлерде цифрлы хабар тарату кезең-кезеңімен іске аспақ. Алты айдан кейін Маңғыстау, ал желтоқсанда Жамбыл мен Оңтүстік Қазақстан облыстары цифрлы телевизияға көшірілмек. Цифрлы жүйе халыққа облыс орталықтары мен Астана және Алматы қалаларында 30 отандық телеарнаға, ал ауылдық елді мекендерде 15 телеарнаны абоненттік өтемақысыз, сапалы деңгейде көруге мүмкіндік береді. Ал қалған өңірлерде бұл жүйені енгізу жұмыстары 2020 жылдың соңына дейін кезең-кезеңімен жүзеге аспақ. Бастысы, эфирдегі көрініс пен дыбыстың тунықтығы сақталып, шалғайдағы ауыл тұрғындары телеарна хабарларын жоғары сапада көре алатыны қуантады.

## ҚҰРМЕТ

### САҢЛАҚ САЗГЕРДІҢ МЕРЕЙТОЙЫ

Алматы қаласында П.Чайковский атындағы музыкалық колледжінде белгілі композитор, КСРО Халық артисі Құддыс Қожамировтың 100 жылдығына арналған мерейтойлық кеш өтті.

Шараға өнерсүйем қауым, оқытушылар мен жас шәкірттер қатысты. Салтанатты кешті құттықтау сөзімен ашқан колледж директоры Біржан Хасанғалиев ұлы өнер иесінің еліміздің мәдениетіндегі орнына, туындыларының мән-маңызына тоқталып өтті. Сонында қалдырған мұрасы халқымен бірге мәңгі жасай беретінін тілге тиек етті. Оқу орнының ұстазы Наргиз Айтбаева тұңғыш тулғанын өмірі мен шығармашылығы туралы баяндама жасады. Кеш барысында өзге де азаматтар Қ.Қожамиров жайында жылы естеліктерімен бөлісті. Шара соңы композитор туындылары орындалған концертке ұласты.

## БАЙҚАУ



### ЖІГІТ СҰЛТАНЫ

Алматы технологиялық университетінде тұңғыш рет «Жігіт сұлтаны – 2018» байқауы өтті.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы және Астана қаласының 20 жылдық мерейтойы аясында ұйымдастырылған іс-шараға университеттің 4 факультеті мен Технология-экономикалық колледжін студенттері арасынан 11 жігіт сайысқа түсті. Жарыс қорытындысына сай, жүлделі ІІ орынды инжиниринг және ақпараттық технологиялар факультетінің 3 курс студенті Дәулет Жарылқасын еншілесі, І орыннан экономика және бизнес факультетінің І курс студенті Ғалымжан Өтепберген көрінді. Ал «Жігіт сұлтаны – 2018» атағына тағам өндірістері факультетінің 4 курс студенті Мағжан Қуатов ие болды.

## ҚҰЛАҚАҒЫС

### «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ЖӘНЕ БАҚ»

Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің ұйымдастыруымен «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауы өтеді.

Аталған шара мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мақсатында өткізілімек. Байқауға қатысушылар «Үздік мақала», «Үздік телебағдарлама», «Үздік радиобағдарлама», «Үздік сайт мақаласы» аталымдары бойынша сынға түседі. Конкурсқа 2017 жылғы 10 маусым мен 2018 жылғы 1 маусым аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген материалдар, соның ішінде радио және телебағдарламалар, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі мақалалар қабылданды. Мақала жарияланған газет-журналдар, сайттардың скриншоттары, бағдарламалардың DVD дискідегі жазбасы, мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары Тіл комитетіне жолдануы керек.

Сайыс қорытындысына сай жеңімпаздар арнайы дипломдармен және бекітілген сыйлық қорымен марапатталды.

**Дәнеш АХМЕТҰЛЫ,**  
жазушы

## Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің халыққа есеп беру кездесуі өткізілетіндігі туралы ХАБАРЛАМА

2018 жылғы 16 мамыр күні сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің халыққа есеп беру кездесуі өткізіледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес Дәурен Әскербекұлы Абыев министрлік қызметінің нәтижелері, елімізде іске асырылған реформалар, әлеуметтік-экономикалық даму, министрліктің стратегиялық жоспарының негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізілу туралы және министрлікке қарасты салаларды дамытудың міндеттері бойынша хабарлар етеді.

Өтетін орны: Астана қ. Д.Қонаев көшесі, 4, мекенжайы бойынша орналасқан «Қазмедиа орталығының» киноконцерт залы.

Есеп беру кездесуіне қатысты сұрақтар мен ұсыныстар болған жағдайда 8(7172) 740725, 8 (7172) 740745 телефондары нөмірлеріне хабарласуға немесе b.serikbaeva@mic.gov.kz, d.mukhamedzhan@mic.gov.kz электронды пошталарына бағыттауға болады.

Сонымен қатар министрге сұрақтар мен ұсыныстарды «Ашық диалог» интернет порталы, министрліктің ресми интернет-ресурсы <http://www.mic.gov.kz> арқылы Ақпарат және коммуникациялар министрінің блогына немесе Call-орталыққа 8(7172) 740343 нөмірі арқылы бағыттау мүмкіндігі бар.

## ШАРА

## Жас өнерпаздар сайысы

Жуырда Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының қолдауымен Х республикалық студенттік пәндік олимпиада өтті.

Ұлттық музыкалық өнердің барлық түрлері камтылған олимпиадада «Халық әні, жыршылар» аталымы бойынша өткен сайыс Ақан сері Қорамсаұлының 175 жылдығына арналды. Аталған долада 12 студент өз өнерлерін ортаға салды. Жас өнерпаздардың білімі мен өнеріне Халық әні кафедрасының ұстаздары Еркін Шүкімән, Ұлжан Байбосынова, Эльза Қарабалина мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы Гүлшат Төкежанова қазылық етті. Колледждер мен консерваторияның дайындық курсының студенттері арасында өткен кіші олимпиадаға қатысқан 39 білімгердің өнерін бағалаған Амангелді Күзеубай, Райя Латифуллина, Ғалым Мұхамедін, Ардақ Исатаева және Тілеулес

Құрманғалиев секілді өнер саңқалары болашақ әншілердің таланты мен талабына тәнті болды.

Халық әндері мен жыр-термелерді нақышына келтіріп орындаған ұлттық консерваторияның студенттері Ғибадат Тұрғалиев бірінші, Айнаш Забиханова мен Ондаған Жәуке екінші, Жадыра Құдайбергенова, Әділжан Аманжол және қыздар университетінен келген Ақық Қаныбек үшінші орынға ие болды. Кіші олимпиадада Д.Нүрпейісова атындағы халықтық музыка колледжінің білімгері Байбақты Ідрібай бірінші орыннан көрінсе, Қазақ Ұлттық өнер университеті жанындағы колледж студенті Фархад Жәкіш екінші, консерваторияның дайындық курсының студенті Қажыби Қостыбай үшінші орынды иеленді.

**Күнжолжа ИСЛАМҚОЖАҰЛЫ,**  
Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының оқытушысы

## БЕС ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМА

### Болашаққа қамқорлық – бүгіннен

М.Горький тілімен айтқанда «шығыстың Пушкині», заманымыздың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын «...мен жастарға сенемін» деп жыр жауһарын төккен еді. Бұл нәні білдіреді. Бұл дәуіріміздің нар тұлғаларының қай кезде болмасын, ел ертеңі жастар екенін күні ілгері біліп, соған үлкен үміт артқанының, сенім білдіргенінің белгісі. Жасампаздық идеяның бұл түрі ел жадынан, саясат санасынан өшкен емес.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты аса маңызды мақаласында бұл идея қайта түлеп сала берді. Оған Елбасының бұқара халықтың қамын, жастардың ертенін ойлаған көрегендігі нақты мысал бола алады. Бес әлеуметтік бастама, әрі соны іске асыру жолындағы Президенттің үндеуі заманымыздың өзекті мәселелерін сөз етті. Баспана жағдайы қай кезде болмасын шешілуі қиын жауапты мәселелердің бірі екені сөзсіз. Ал қазір осы қиындықты іске асыру үшін «7-20-25», бағдарламасы күн тәртібіне қойылды. Баспана алу үшін несие төлемінің мерзімі 25 жылға, үстемесі отбасылық бюджеттің мүмкіндіктеріне қарай 7 пайызға дейін төмендетілді. Бұл белгілі бір жұмыс бар, тұрақты айлық алатын қазақстандықтар үшін үлкен жеңілдік екені белгілі. Демек, мұның өзі алдағы жылдары өз нәтижесін береді деуге болады.

Жастар тағдыры да назардан тыс қалмады. Бұрын жастарға жыл сайын 54 мың грант бөлінетін. Енді оған тағы 20 мың грант бөлініп отыр. Оның 11 мыңы техникалық білім үрдісін іске асыруға арналған. Заманауи техникалық үрдіске үн қосу уақыт талабы. Компьютер жөндеу шеберлері, телефон, радио саласының мамандары, сол

секілді жалпы техникалық сұранысқа ие мамандықтарды көбейткен үстіне көбейте беру керек. Студенттерді қинайтын күрделі мәселелердің бірі жатақхана екені сөзсіз. Енді бұл мәселе де өз жүйесін тапты. Елбасы өз Үндеуінде «2022 жылдың соңына дейін студенттерге арнап кемінде 75 мың жана жатақхана салуды тапсырамын. Бұл алдағы жылдарда өсе түсетін сұранысты ескергеннің өзінде жатақхана тапшылығын біржола шешеді» атап көрсетті. Бұның өзі жастардың алаңсыз және сапалы білім алуына молынан жағдай жасайды. Ауылдан оқу іздеп келген жастар әуелі баспана қиындығына тап болатын. Енді бұл мәселенің онынан шешілгені барша-мыз үшін үлкен қуаныш. Ұлы Абайдың «Құдайдан қорық, пенделден уял, балам бала болсын десен оқыт, оқыт және оқыт» деген қанатты қағидамыз бар. Сол секілді баланы оқытатын бірінші ата-анасы болса, екіншінен әлеуметтік орта, қоғам, мемлекет қамқорлығы болып табылады. Осы мәселелердің өз шешімін тапқаны күлі Алаш жұрты үшін үлкен қуаныш, мың мәрте мақтанш.



Астанадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты тарихи мақаласының бір жылдығына орай «Рухани жаңғыру: жаңа қазақ әліпбиі және мемлекеттік бағдарламаның орындалу барысы» туралы семинар-кеңес болып өтті. Оған Президент әкімшілігінен, орталық атқарушы органдардан, министрліктер мен ұлттық компаниялардан, облыстардағы, өңірлердегі тілдерді дамыту басқармаларынан өкілдер қатысты. Семинар жұмысын жүргізуші ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің төрағасы Қуат Бораш қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге байланысты мәселелер ортаға салынатынын ескерткеннен кейін, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің жауапты хатшысы Серікқазы Үәлиев қысқаша істің мән-жайын түсіндіріп, жиналғандарға жұмыс барысында сәттілік тіледі.



**РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ: ЛАТЫН ӘЛІПБИІ**

мемлекеттік қызмет көрсететін мекемелер қызметкерлері оқытылады.  
— 2016 жылдан бері басқарманың тапсырысы бойынша Казтест жүйесіне негізделіп «Сарыарқа-2» оқу кешені әзірленуде. Биыл соңғы СІ деңгейі шығарылмақ. Оқулық бытыр республика бойынша үздік оқулықтар қатарына енгізіліп, министрлік тарапынан 5 мың дана болып таратылды. Осы оқулықтың негізінде авторлық құқықтары бар тұлғалармен бірлесіп, мемлекеттік — жеке меншік әріптестік аясында бизнес бастама ретінде оқыту курстарын ұйымдастыру жобасы енгізілді, — деді Гүлнарайым Хасенқызы. Сәуір айынан бастап онлайн-қашықтықтан мемлекеттік тілге оқыту курстары басталды. Оқыту жұмысынан сон ісқағаздарды, көрнекі ақпаратты латын графикасына көшіруге сияқты келелі мәселелер жүзеге асырылмақ. Қазіргі кезеңде солардың ауқымын анықтау, базасын қалыптастыру жұмыстары жүргізілуде. Осы мәселеде басқарма тапсырысына сәйкес арнайы конвертер әзірленіп, «www.krg.til» домені іске қосылған. Осындай келелі істерді, мазмұнды пікірлерді өзге де тіл жанашырлары, өзге де өңірлердегі тіл басқармаларының басшылары ортаға салды. Олардың қай-қайсысы да жылда қайталан беретін кемшіліктерді жоюға батыл назар аудару керектігі, жергілікті тіл басқармаларына дербестік беріп, күшейту қажеттігі туралы тілектерін жеткізді.  
Белгілі қоғам қайраткерлері Ғарифолла Есім мен Оразқұл Асанғазықызының семинар барысында айтқандары да жиналғандарға үлкен ой салды.  
— Рухани жаңғыру деген не? Ол есте болған, есептен шығып қалған құндылықтарымызды қайта жаңғырту. Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі — бұл үлкен мәселе. Бағдыра Мұхтар Әуезов «Осы біз орфографияны дұрыс жасай алмай жүрміз» деген екен. Сол кісі айтқандай, біз орыс тілінің ықпалынан арылуымыз керек. Мәселе, тілдің тәуелсіздігін алуда тұр. Сонда ағылшын тілі де, орыс тілі де бізге донор бола алмайды. Сол үшін бәріміз кірісіп жатырмыз. Тіл үшін күреске тілшілерді ғана емес, филологтар мен мәдениеттанушыларды да тарту керек. Бұл — халықтың ісі. Рас, маман деген жақсы, бірақ кейде қарапайым адамдар да ойланарлық дүниелерді айтып қалады. Сондай идеяларды да ұстап алу керек. Латынға көшу процесі жүріп кетті. Енді мұқият іс жүргізіміз керек. Бұл — тарихи бетбұрыс, — деді академик Ғарифолла Есім.  
Ал Оразқұл Асанғазықызы баяндама кезінде: «Егер латын әліпбиін кіргіземіз десек ең алдымен жергілікті жерлерде Тіл басқармалары орнына қою керек. Президент әкімшілігінен, Үкіметтен осы мәселеге назар аударуды сұраймын. Кезінде қазақ тілі ұйымдары кез келген өкімнің есігін теуіп кіреін. Қазір тіл басқармалары құрдық та оларды әлсіреттік. Қазір бір ғана министрлікте тіл жөніндегі департамент қалды. Қалғандарында жоқ. Не министрліктер қазақша сөйлеп кетті ме? Сондықтан латын әліпбиін енгізудегі ең үлкен қадам — министрліктердегі департаменттерді қайта құру керек, — деп өңірлерден келген тіл жанашырларының ойын тап басты.  
Кенес барысында семинардың тұжырымдамасы бекітілді. Бұл орайдағы негізгі мақсат көпшілікті қазақ әліпбиін латын графикасына көшіруге бойынша, мемлекеттік бағдарлама аясында атқарылып жатқан жұмыс жоспарларымен таныстыру, насихаттау болып табылады.  
Елбасы «Қазақстан — 2020» Стратегиясында «2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісу керектігін» мәлімдегені белгілі. Сондықтан 2025 жылға қарай ісқағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды жана әліпбимен басып шығару межеленген. Соған байланысты жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіледі. Семинарға қатысушылар осы негізде туындайтын сұрақтарды, ұсыныстар мен тұжырымдарды зерделеді.

# ТӨЛ ЖАЗУЫМЫЗДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Астанада тіл мамандары пікір алмасты

— Семинар тілімізді дамытудың өзекті мәселесіне арналады. Елбасы айтқандай, «толыққанды тілсіз, толыққанды ұлт болу мүмкін емес». Соны түйсініп, түсініп отырсақ та, қазірше бұл мәселеге індетте кірісе алғанымыз жоқ. Оның бірқатар ішкі, сыртқы себептері бар. Дегенмен, Елбасының бастауымен қолға алынған рухани жаңғыру бағдарламасы үлкен қозғаушы болып отыр. Ең басты, ең маңызды бағыттардың бірі — қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру, — деді ол.

Жауапты хатшы 2025 жылға дейін латын қарпіне көшудің жоспары бекітіліп, арнаулы топтар мен комиссиялар жұмыс жасап жатқанын жеткізді.

Бұдан кейін ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының басшысы Ербол Тілешов баяндама жасады.

— Бұл еңбек бүгінгі жаһандану кезеңінде ұлттық болмысымызды сақтау және оны бүгінгі дәуірлік қажеттіліктер кеңістігінде дамыту мәселесін көтерді. Нұрсұлтан Әбішұлы: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сінген, бүгінде тамырымызда бүлкілеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек» деді. Осы ізгі қасиеттердің қазынасы да, қозғаушы күші де — тіліміз. Алдымызда бүгінгіміз бен болашағымыз үшін тілімізді сақтау, заманауи құралға айналдыру міндеті тұр. Сондықтан да Елбасының: «Латынға көшудің терен логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты» деген пікірі жана әліпбиге көшудің мазмұнын аша түседі, — деді Е. Тілешов.

Баяндама барысында ол, сонымен қатар латын графикасындағы әліпбиге көшудің бірнеше себептеріне тоқталды.

— Біріншіден, бізге кирилл әліпбиі саяси себептермен енді. Салдарынан қазақтың төл жазу емлесіне нұқсан келді. Негізгі жетілген әліпбилер көп дыбысты аз таңбамен береді. Мысалы, ағылшын тілінде 45 дыбыс 26 таңбамен, француз тілінде 35 дыбыс 26 таңбамен белгіленеді. Ал кирилл әліпбиінде қазақтың төл 28 дыбысы 42 таңбамен

берілген. Осының өзінен-ақ бұл әліпбидің тіл табиғатына қайшы екені көрініп тұр. Латын графикасындағы жана әліпби осындай қажетсіздіктер мен ыңғайсыздықтардан арылтылды. Екіншіден, әлемдегі түркі халықтарының 60 пайызы латын әліпбиіне көшкен. Түркі тілдес халықтардың 7 дербес мемлекеті бар. Олар — Әзербайжан, Кипр Түрік республикасы, Өзбекстан, Түркия, Түркіменстан, Қазақстан мен Қырғызстан. Осылардың ішінде қазақтар мен қырғыздардан басқасы латын әліпбиін қолданады. Үшіншіден, халықаралық қауымдастықта латын таңбалы әліпбиді қолданудың маңызы зор, — дей келе, латын әліпбиіндегі басқа мемлекеттерді айтап өтті. Олар — Жапония, Қытай, тіпті кирилл әліпбиіндегі Беларусь, Ресей, Украина мемлекеттерінде латын әліпбиінің өзіндік стандарттары қабылданып, бекітілгенін атап өтті.

Бұдан соң Ербол Тілешов қазақ әліпбиін латын графикасына көшірген кезде туындайтын бірқатар уақытша қиындықтарды да ортаға салды. Айтуынша, алдымен жана әліпбиге халықтың көз дағдысы мен қол дағдысы үйренуге біраз уақыт керек болады. Кирилл әліпбиіндегі әдебиеттерді жана әліпбиге көшіру үшін де белгілі бір уақыт қажет. Кейбіреулер латын әліпбиіне көшу мемлекеттік тілді үйренуді қиындатады дегенді айтады. Бірақ бұл әліпбиге байланысты емес, ағылшын, қытай тілдерін, басқа да елдердің тілдерін үйреніп жатқан жастарымыздың тәжірибесі бұған дәлел.

Тіл маманы әрі қарай ойын латын әліпбиіне көшу бағытында атқарылып жатқан шаралармен түйінделді. Бұл орайда ұлттық комиссия бірнеше рет бас қосып, келелі мәселелерді талқылағанын, орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, сараптамалық-ақпараттық жұмыс топтары бекітілген жоспарға сәйкес қызмет атқарып жатқанын, биыл жана әліпбидің ережелері дайын болатынын, сондай-ақ 2019–2020 жылдан оқушылар жана әліпбиімен оқи бастайтынның жеткізді. «Осы орайда Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығына жана ша мәртебе беріліп, оның біліктілік деңгейі мен әлеуеті күшейтілуде» деді.

Семинар жұмысы барысында болып жатқан өзгерістерге байланысты ономас-

тика саласында қандай жұмыстар жүргізу керек деген мәселемен жиналғандар алдында Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси жұмыстар комитетінен Гүлмира Мұғалқызы, Тілдерді дамыту және қоғамдық саяси комитетінің тілдерді дамыту және қолдану басқармасының басшысы Амангелді Мұратұлы және басқа да тіл жанашырлары бірқатар келелі мәселелерді ортаға салды.

Осы ретте өңірлерден келген өкілдердің белсенділігін айта кеткен жөн. Бағдарлама негізінде олардың жергілікті жерлерде атқарып жатқан жұмыстары, проблемалары мен ұсыныстары басқосудың мазмұн ажарын аша түсті. Мәселен, Қарағанды қаласындағы тілдерді дамыту басқармасының басшысы Гүлнарайым Қантарбекованың «Тілдерді дамыту саласындағы жаңа бастамалар» тақырыбындағы баяндамасы көпшіліктің назарын өзіне аударды.

— Елбасының қазақ әліпбиін кезең-кезеңмен латын графикасына көшіру туралы қойған міндеті тілдерді дамыту саласындағы өзекті мәселелерге жана қырынан қарап, жанадан шешу жолдарын іздегенді қажет етеді. Оқытудың бірізділік және нәтижелілік күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып қала бермек, — деді Г.Қантарбекова.

Баяндамада біраз түйткілді мәселелер айтылды. Мысалы, өңірлерде оқытумен бар болса орталықтар, жоқ болса оқыту курстары айналысады. Барлығы бірдей тең жағдайда емес. Орталықтардың отыратын орындары айқындалған, материалдық-техникалық базасы бар, қажетті дүниемен жабдықталған. Курстар орта мектептердің базасында, сабақтан бос уақыттарда ұйымдастырылады. Оқытушылардың дәрежесі де әртүрлі. Жыл сайын оқыту бойынша мемлекеттік сатып алу байқаулары жарияланады. Оған кім қатыспайды? Петропавл, Астана қалаларынан келеді. Тіпті биыл материалдық-техникалық базасы, жекелеген ұстаздармен келісімдері бар дүкендер де қатысып жатыр. Тендерді жеңіп алса болды, нәтижесі қандай, ешкімі толғанғандармайды.

Қарағанды облысында жылына 2000-нан астам адам қазақ тіліне, 1300-і ағылшын тіліне оқытылады екен. Енді келесі жылдан бастап бейімдеу курстары ашылмақ. Осы орайда, бірінші кезекте 7 мыңнан астам мемлекеттік қызметші, 60 мыңға жуық

## Хат жолдарынан

### Терминология жайы толғандырады

Қазақ тілін дамыту үшін терминологияға ерекше мән берілу керек деп есептеймін. Терминология — тіл саласында кешенді мәселе. Оның дұрыс қалыптасуына көп нәрсе байланысты. Ең алдымен, термин сөздердің аударылу сапасы маңызды рөл атқарады.

Әлемде терминологияны қалыптастыруда екі үрдіс бар екені белгілі. Ол — терминологияны халықаралықтандыру, екіншісі — терминологияны ұлттық негізде қалыптастыру. Қазақ тіліндегі терминдер Кенес уақытында бірінші бағытқа көбірек ойысып кетті. Ұлттық бағытта терминжасама оншалықты мән берілмеді. Соның салдарынан терминологиямызда ала-құлалық та болмай қалған жоқ. Сөздерді тікелей аудару, кейбір терминдерді балама аудармасы бола тұра аудармау тәрізді жағдайлар орын алды. «Көш жүре келе түзеледі» демекші, ұлттық терминжасам бағытында тәуелсіздік алған және одан кейінгі жылдары көп шаруалар тындырылды. Терминологиялық сөздіктер шығарылды, яғни қазақ терминологиясының бойына қан жүгірді деуімізге толық негіз бар. Мұны жоққа шығаруға болмайды. Бұл орайда ескеретін мәселе, термин деген ұғым уақытпен бірге жанарып, толығып, дамып отыратынын ұмытпауымыз керек. Технология қалай қарай өркендесе, жана терминдер де солай қарай ойысады. Қазіргі таңда цифрлық, компьютерлік терминологиялар шарықтап даму үстінде. Күнделікті жана сөздер қолданысқа еніп жатыр. Әрине, оның бәрі көбіне-көп ағылшын тілінде. Осы тұрғыдан алғанда терминологияны да тиісті қарқанды дамыту мәселесі туындайды. Өйткені уақыт күттірмейді. Жана ұғымдар ене береді. Әр терминге жауапкершілікпен қарап, халықаралық және ұлттық тұрғыдан аудару мәселелері ескерілсе деген тілегім бар.

Тілеуберді АЗАМАТ

Павлодар облысы

### Тіл қадірі арта түссін десек...

Елімізде мемлекеттік тіліміздің қадірі жыл санап артып келеді. Әрине, әлі де шешілмеген толғаулы мәселелері бар. Дегенмен, бұрынғы жылдармен салыстырғанда тіл аясын кеңейтуге қатысты көптеген шаралардың атқарылып жатқанын байқау қиын емес.

Жуырда қазақ тіліне аударылған 18 жана оқулықтың өзі неге тұрады. Өзге ұлт өкілдерінің де қазақ тіліне деген бетбұрысы жақсы. Үйренуге ынта, талап білдіріп жүргендер көп. Шынтуайтына келгенде, мемлекеттік тілді Қазақстанның әрбір азаматы білуі тиіс. Әлемдік тәжірибеге қарасақ, тілге мемлекеттік мәртебе берген кез келген ел оның толыққанды дәрежеде қолданылуын қамтамасыз етеді. Өйткені мемлекеттік тіл Әнуран, Елтаңба, Туымыз секілді негізгі нышандарымыздың бірі. Бұл орайда айтатын дегенім, мемлекеттік тілдің жүзеге асырылуының негізгі білім беру жүйесі арқылы қалыптасуы керек. Егер балабақшалар дұрыс жолға қойылса, бүкіл қазақ баласы қазақ балабақшасына баратындай болса, қазақ мектептері сапалы оқулықтармен қамтамасыз етілсе, тілдік жағдайымыз бүгінгіден жақсара түсері анық. Тіл қадірі арта түссін десек, бұл бағытта нақты іс-шараларды жүзеге асыруға тиіспіз.

Сонымен қатар тіл жайын ойлағанда, мына мәселені де есте ұстауымыз керек. Мысалы, қазақ тілінің өзге елдердегі жағдайы қандай екен? Шетелдегі қандастарымыз өз тілін ұмытпауы үшін, оларды тиісті оқу құралдарымен қамтамасыз ету үшін не жасалып жатыр? Бәлкім, сол елдерде тіл оқыту орталықтарын ашуымыз керек шығар. Мұндай жұмыстар қаншалықты жолға қойылған? Басқа елдер өз азаматтарының тіл үйренуіне, салт-дәстүрін ұмытпауларына ерекше көңіл бөлетінін білеміз. Біз де сол деңгейден көрініп, дербес мемлекет ретінде шетелдердегі отандастарымыздың тіліне қамқорлық танытсақ, қанекі. Бар үлкен әрі кешенді мәселе деп ойлаймын.

Рүстем НҰРАЛИН

КОСТАНАЙ

### ОҚЫРМАН ОЙЫ

## Әлеммен байланысқа дәнекер

Латын әліпбиін қолдану — әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы, қазақ мәдениетінің дүниежүзінің әдебиетімен, мәдениетімен тезірек қауышуы. Түркі елдерімен ортақ жазуымыз, ортақ ұлттық мәдениетіміз қалыптасады. Елбасымыз атап өткендей: «Латын әрпі коммуникациялық кеңістікте басымдылыққа ие».

Латын әліпбиі мүмкіндігінше тектесуі жана техниканың тілі. Әсіресе компьютердің көптеген бағдарламаларында төл әріптері бар қазақ әліпбиі оқылмайды. Оған себеп кириллицаға көшу барысында тілдің табиғатына, дыбысқа сай әріп, таңбаның болмауынан, «Ә», «Ғ», «Ө» дыбыстары сияқты төл дыбыстарымыздың таңбасы ойлап табылған болатын деген пікірлер де бар. Аталмыш дыбыстар латын әліпбиінде бар. Бұл графика тіл заңдылығын бұзбайды. Әлемге түсінікті әліпбиге көшу қазақ тілінің өзіндік табиғатын, тазалығын, ерекшелігін сақтауға ыңғайлы.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаһандану заманында өмір сүріп отыр. Еліміздің тарихы — бірегей мүмкіндіктерді іске асыру жылнамасы. Жалпы әлемдік елдермен бәсекеге түсуде елімізге керек басты қарудың бірі — латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы болса керек. Әлемдегі басқа ұлттармен бәсекеге түсуде қазақ ұлтына қажетті нәрсе әлемдік деңгейдегі білім. Ал

### ОҚЫРМАН ОЙЫ

## Әлеммен байланысқа дәнекер

Латын әліпбиін қолдану — әлемдік интеграция, ақпарат алу мүмкіндігіміздің артуы, қазақ мәдениетінің дүниежүзінің әдебиетімен, мәдениетімен тезірек қауышуы. Түркі елдерімен ортақ жазуымыз, ортақ ұлттық мәдениетіміз қалыптасады. Елбасымыз атап өткендей: «Латын әрпі коммуникациялық кеңістікте басымдылыққа ие».

Латын әліпбиі мүмкіндігінше тектесуі жана техниканың тілі. Әсіресе компьютердің көптеген бағдарламаларында төл әріптері бар қазақ әліпбиі оқылмайды. Оған себеп кириллицаға көші барысында тілдің табиғатына, дыбысқа сай әріп, таңбаның болмауынан, «А», «Г», «Ө» дыбыстары сияқты төл дыбыстарымыздың таңбасы ойлап табылған болатын деген пікірлер де бар. Аталмыш дыбыстар латын әліпбиінде бар. Бұл графика тіл заңдылығын бұзбайды. Әлемге түсінікті әліпбиге көші қазақ тілінің өзіндік табиғатын, тазалығын, ерекшелігін сақтауға ыңғайлы.

Бүгінгі таңда бүкіл әлем жаһандану заманында өмір сүріп отыр. Еліміздің тарихы — бірегей мүмкіндіктерді іске асыру жылнамасы. Жалпы әлемдік елдермен бәсекеге түсуде елімізге керек басты қарудың бірі — латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуы болса керек. Әлемдегі басқа ұлттармен бәсекеге түсуде қазақ ұлтына қажетті нәрсе әлемдік деңгейдегі білім.

Айсұлү TURAROVA,

Taraz мемлекеттік педагогикалық институтының доценті, филология ғылымының кандидаты

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ŋ ŋ	[ŋ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[c]
8	Ğ ğ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[y]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	I ı	[ɨ], [ɨ]	27	V v	[v]
12	J j	[j]	28	Y y	[ɨ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]



(Басы 1-бетте)

Қазақстан ғылымының жетістіктері шетелдерге «Ұлттық Ғылым академиясының хабаршысы», «Ұлттық Ғылым академиясының хабарлары», «Ұлттық Ғылым академиясының баяндамасы» арқылы насихатталуда.

Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті Қаныш Сәтбаевтың бұйрығы бойынша тарихи маңызы бар құнды халық мұрасын жинақтап, сақтау мақсатымен 1959 жылы 22 қаңтарда құрылды. Бұл кезде кітапханада қазақ тіліндегі әдебиеттер, өткен жылдар басылымдары, Қазақстанның мерзімді басылымдары аз болды. Бөлім ертеректегі ғылыми басылымдар мен ұлттық әдебиетті жинақтап, оқырмандар арасында насихаттау жұмыстарын жолға

зылған уақыты, жері, жазған адамның аты-жөні белгісіз. Олар туралы ешқандай дерек жоқ. Қолжазбаның аты да көрсетілмеген. Мазмұн-мәтініне қарап, «Хандар шежіресі» деп аталды. Қағазына, жазу үлгілеріне, стиліне қарағанда бұл – XVIII ғасырлардың туындысы деген болжам бар.

Сирек ғылыми басылымдар қатарына жататын Л.Магницкийдің «Арифметика», Ф.Канкриннің «Тау-кен және тұз өндірудің алғашқы іргетасы», Д.Аничковтың «Теориялық және практикалық геометрия», Д.Скополидің «Энтомология» еңбектерін жатқызуға болады. Сонымен қатар жазушылар мен ғалымдардың көзі тірісінде басылып шыққан кітаптар қатарына А.С.Пушкиннің «Руслан мен Людмила» атты поэмасын, Н.И.Гнедич аударған Гомердің «Илиадасын», Д.Менделеевтің

кітаптар – сол ақпаратты дәлелдейтін дерекнама ғой. Адамдар бәрібір кітаптан айрыла алмайды. Уақыт өткен сайын мүмкіншіліктер де арта түседі. Қазіргі таңда жаңа технологиялар арқылы оқырмандарымыз Орталық ғылыми кітапхананың қорларымен электрондық каталог арқылы сырттай танысып, басылымдарға тапсырыс бере алады, цифрлық форматқа көшірілген құжаттарды пайдалана алады.

Ендігі заман талабына сәйкес пайда болған автоматтандыру бөлімі жайына аз-кем тоқтала кетейін. Орталық ғылыми кітапханада автоматтандырудың алғашқы толқыны 1980 жылдары басталды. 2000 жылдардың басында бір маманымыз Мысыр еліндегі Александрия кітапханасына барған сапарында цифрлық форматқа, яғни электронды нұсқаға айналдырылған кітаптар жөнінде мәлімет әкелген еді. Біз

кітапхана көптеген ғылым салалары бойынша өңірлік, проблемалық-тақырыптық, ағымдағы және ретроспективті библиографиялық көрсеткіштер шығарды. Көрсеткіштерді кітап түрінде ғана емес, электронды нұсқасын да дайындаймыз.

– Енді ғылыми кітапхананың оқырмандары туралы ой бөліссек. Сіздерге қай саланың оқырмандары көбірек келеді?

– Қазір «Оқырмандар базасы» бойынша 51 мың адамнан астам оқырманымыз бар. Оның 38 мыңнан астамы тұрақты оқырман есебінде. Осы санның 37 пайызын ғылыми мамандар мен жоғары оқу орындарының оқытушылары құрайды, докторант, магистрант, студенттер 55 пайызын иеленсе, 8 пайызы – басқада оқырмандар. Оқырмандардың 39% – жаратылыстану ғылымдары, 43% – қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар, 13% – техника ғылымдары, 3% – медицина, 2% – ауыл шаруашылық саласының мамандары.

– Сирек қордың қолжазбалардың ғылыми айналымға түсуі жөнінде не айтар едіңіз?

– Мемлекеттік бағдарламалар, ғылыми жобалар, ғылыми-зерттеу институттарының зерттеу тақырыптарына байланысты сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалардың ғылыми айналымға түсуі жақсы деп айтуға болады.

– Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасы басталғалы бері өз тарихын ұлттық қордың кітаптарынан, тарихи құжаттарынан іздеушілер көбейіп келеді дегуге негіз бар ма?

– Елбасының мақаласынан кейін ғылымдар тарапынан тарих, әдебиет, тіл, мәдениет жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар, ғылыми жобалар бойынша сұраныс көбейеде. Яғни көне мұралар арқылы кешегі түгендеуге деген талпыныс артып келеді. Әсіресе биыл сирек қолжазбаларға деген сұраныс көбейді. Осыған байланысты кітапхана қорындағы сирек мұралардың, қолжазбалардың тақырыптық, мазмұндалған көрсеткіштерін дайындап, ғылыми айналымға енгіздік.

Кітапханада автордың баспадан шығарған өз кітаптарын алып келген жағдайлар болады. Бізде қорларды қалыптастыратын комиссия бар. Басылымдардың саласына, мазмұнына, ғылымсаласына қарап, шешім қабылдайды, мазмұндық, заңдық тұрғыдан сараптап, қорға өткіземіз. Әрине, ғылыми кітапхана болғандықтан, кез келген кітап талғаусыз қабылдана бермейді.

– Арғы ғасырларды айтпаған күннің өзінде, бергі 100 жылда қазақ халқы төрт рет әліпбиі аламастырып отыр. Латын әліпбиіне көшу науқанының кітап, кітапхана үшін қандай тиімді жақтары бар деп ойлайсыз?

– Қазіргі кезде технология қарқынды дамып келеді. Сондықтан кітаптың басылып шығуына кедергі жоқ. Әліпби ауысуы қазақ халқының кітап оқуына, кітапханалардың болашағына теріс әсерін тигізеді деп ойламаймын. Кітапхана қорымызда латын әліпбиіне шыққан басылым көп, оқырмандар пайдаланып келеді. Жақында Астанада өткен «Рухани жаңғыру – ұлт бағдары» атты конференцияда көрме ұйымдастырдық. Іс-шараға қатысқан ғалым, саясаткер, мұғалім, оқушы, т.б. қатысушылар латын жазуындағы әдебиетті емің-еркін оқи алатынына көзіміз жетті.

– Өңімізге рақмет!

Әңгімелескен  
Әлілет АХМЕТҰЛЫ,  
А.Байтұрсынұлы атындағы  
Тіл білімі институтының қызметкері



## Жас ғалымдар бас қосты

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде жас ғалымдардың қатысуымен «Smart Nation.kz» атты ғылыми марафон өтті. Оқу орнының қабырғасында тұңғыш рет ұйымдастырылып отырған жиында шетелдік және отандық жоғары оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары қатысты.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында еліміздегі ізденушілердің шығармашылық қабілетін шыңдау үшін өткізілген іс-шараның басты мақсаты – жас ғалымдардың жасампаздық әлеуетін дамыту, оларды заманауи ғылымның маңызды мәселелерін шешуге белсенді түрде тарту, ғылыми-педагогикалық білім беру кеңістігін дамыту. Сонымен қатар ізденушілердің өзара байланыс орнатуына, тәжірибе алмасуына ықпал жасау.

Ғылыми марафон жұмысы «Фило-

логиялық ғылымдар және өлеңнің ұлттық бейнесі», «Еліміздегі және әлемдегі педагогика және психология: қазіргі теория және тәжірибе», «Қазақ қоғамының санасын жаңғырту үдерісіндегі әлеуметтік-гуманитарлық білім», «Жаратылыстану ғылымдары: инновациялық технологиялар мен идеялар», «Цифрлық Қазақстан: физика-математика ғылымдарының жана серпілісі» және «Жаһандық әлемдегі қазақстандық мәдениет» секциялары бойынша жүргізілді. Аталған секцияларға барлығы 175 ғылыми жұмыс келіп түскен.

Шара аясында арнайы стендтік баяндамалар мен жас инноваторлар көрмесі ұйымдастырылды. Марафонға келіп түскен материалдар негізінде арнайы жинақ шығару көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде ізденушілер мен ғалымдарға маңызды теориялық және әдістемелік көмекші құрал болмақ.

Жандар АСАН

## СЕГІЗІНШІ ҚАЗЫНА

Кез келген халықтың ұлттық тілінде басқа тілге аударылмайтын, тек сол тілге ғана тән ерекше сөздер болатыны белгілі. Ол сөздер аударғанның өзінде қиыншылық туғызып, мағынасын жеткізу үшін ұзақ сипаттап түсіндіруді қажет етеді. Бұл, ең алдымен, ұлттық-тарихи, мәдени ерекшеліктерге байланысты пайда болған этнографиялық атауларға қатысты. Олар – сол елдегі халықтың тарихы, мәдениеті, қарым-қатынасы және т.б. түрлі жағдайларда сөздің атаулы мағынасы үшін негіз болатын сөздер.

## ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ СӨЗДІК алты тілде шығарылды

Қазақ тілі де сондай ұлттық ерекшелігі мол сөздерге бай тілдердің бірі. Осы уақытқа дейін аударма саласындағы мамандардың, жалпы тілтанушы ғалымдардың арасында көп талқыға салынып келе жатқан мәселенің бірі де осы болатын. Көпшілік қолданысындағы сөздіктерде түрлі аудармасы берілсе де көңілден шықпай, әлі де бір қайнауы ішінде сияқты көрінетін ұлттық атау-сөздерді аударуға кез келген маманның тізі бата бермейтіні де бар. Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясы әзірлеген «Қазақ этнографиясының қысқаша 6 тілді сөздігі» осы бағыттағы сүбелі еңбектердің бірі еді.

Асқарбек Құсайынов, Әлімхан Жүнісбек және Мирболат Жақыпов секілді академик, ғалымдар құрастырған бұл сөздікте ұлттық бет-бей-немізді танытатын, басқа ешбір елде қайталанбайтын 1100-ден аса бірегей танымдық атаулар жинастырылып, олардың қысқаша түсініктемелері орыс, ағылшын, түрік, қытай және араб тілдеріне аударылып берілген. Академик А.Құсайыновтың айтуынша, бұл сөздікті жасау идеясы қазақ тілінің 30 томдық салалық сөздігін жасаған кезде туған. Әсіресе сол кезде ғалымдар тамақ өнеркәсібі саласына қатысты сөздерді аударған кезде киналғандарын айтады. Сондықтан «Осы уақытқа дейін жарық көрген түсіндірме, аймақтық, терминологиялық, этнографиялық, екі тілді, тағы басқа да көптеген сөздіктерді зерделей отырып, қазақтың ұлттық салт-дәстүр ұстанымдары, тұрмыс-тіршілік үлгілері, киім киісі, үй-жай мен мал-мүлік иелігі, той-думан өткізуі, ойын-сауық ұйымдастыруы, кәсіби құрал-саймандары тәрізді басқа ұлттарда кездесе бермейтін ұлттық ерекшеліктерін білдіретін 1100-ден аса атау (термин) сөздерді жинастырып, алты тілді (қазақша, орысша, ағылшынша, түрікше, қытайша, арабша) қысқаша этнографиялық сөздік дайындадық» дейді Қазақстан Педагогика ғылымдары академиясының президенті, «Қазақ этнографиясының 6 тілді қысқаша сөздігі» кітабының авторы Асқарбек Құсайынов.

Сөздікте салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, киім үлгілері, құрал-саймандар, үй жиһаздары, той-думан кезіндегі әдет-ғұрыптар, тағы да басқа халықтық қалыптағы сөздер мен атаулар жинақталған. Кітап отбасы, салт-дәстүр, дәм-тұз, төрт түлік, киім-кешек, ойын-думан, т.б. бөлімдерге бөлінген. Бұлардың әрқайсысында төл атауларымыз бір сөзбен немесе қысқаша бір сөйлеммен тиісті тілге аударылған. Мысалы, Алдаркөсе, Асан қайғы, Атымтай жомарт, Аяз би, Жерұйық, Жирен-



ше, Қорқыт ата, Қыдыр ата, Шық бермес Шығайбай, Тәңірі, Тондық, Сұрқылтай деген фольклорлық бейнелерге, ою-өрнектің ботакөз, жақтама, зере, ирексу, қарғатұяқ, қармақ, қойтұяқ, космүйіз, құсқанат, құсмойын, құстаңдай, құстұмсық, мүйіз ою, түйетабан деп аталатын түрлеріне анықтама берілген.

Жалпы қазаққа ғана тән туыстық атаулардың мол екені белгілі, сөздікті құрастырушылар бұл жағына мұқият қарағаны байқалады. Мысалы, ата-әже сөздерімен қатар баба, қария, кейуана, абыз, ақсақал, қарасақал, көне көз, бәйбіше сияқты атауларға да түсінік берілгені. Ақсақалдың жасы келген қадірлі адам екені, абыздың дана, ақыллы деген ұғымды білдіретіні келтірілген. Жеті ата, құда-жегіт, ағайын-туыс атаулары да назардан тыс қалмаған. Және де бұл атаулар басқа тілге аударылмайтын болғандықтан, сол тілдегі транскрипциясымен берілген екен. Дәм-тұзға қатысты бауырсақ, шелек, ірімшік, малта, талқан, т.б. сөздер де сол қалпы жазылған. Әсіресе ұлттық сусындарымыз бен дәм-тұз атаулары барынша камтылған және саумал, дөнен қымыз, бесті қымыз, т.б. ас-тағам түрлерінің дайындалу ерекшелігіне қарай түсінік берілген. Кітаптағы қазақ халқының салт-дәстүріндегі ешкімге ұқсамайтын қонақ асы, бастаңғы, шашу, сыбаға, сауға, сарқыт, т.с.с. сияқты сөздердің бір ғана сөйлеммен берілген түсінігі шетелдіктерге ұғынықты болары сөзсіз.

Жалпы осындай этнографиялық сөздіктерді өзінің көне де бай тарихы бар, төлума ерекшелікке ие ел ғана жасай алады екен. Бұл жағынан қазақ халқының тарихи, мәдени, тұрмыстық мол мұрасы мақтанға лайық. Ұлтмыздың тіл байлығын да, тарихи-мәдени қазынасын да паш ететін алты тілдегі этнографиялық сөздіктегі ұлттық бояуы қанық ұғым-сөздер соның айғағы.


Дина ИММБАБЕВА

кою, ғылыми құнды сирек басылымдарды сақтау үшін аса қажет еді. Қазіргі таңда қор көлемі 300 мың данадан асады.

Сирек кітаптар мен қолжазбалардың жалпы хронологиясы: XII, XVI–XX ғасырлардағы (1940 жылға дейінгі) басылымдарды қамтиды. Олар елдің мәдени мұрасы болып саналады. Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорына: XII, XVIII–XXI ғасырлардағы қолжазба құжаттар; XVII–XXI ғасырлардағы сирек ғылыми басылымдар; XIX–XX ғасырлардағы қазақ тіліндегі сирек басылымдар мен қолжазбалар; көне славян тіліндегі кітаптар; орыс зерттеушілерінің Қазақстан туралы еңбектері; көркем безендірілуі мен полиграфиялық орындауы жағынан бірегей кітаптар; XVI–XIX ғасырлардағы шетелдік сирек басылымдар; XVIII ғасырдан бүгінге дейінгі шығыс тілдеріндегі басылымдар; сирек микро-, фото-, ксерокөшірмелер; 1917 жылға дейінгі орыс тіліндегі сирек журналдар; XX ғасырдың 40-жылдарына дейінгі орыс тіліндегі ғылыми әдебиет және т.б. кіреді.

Мәселен, кітапхана қорында Ыстанбұл қаласында шамамен XX ғасырдың басында шыққан «Құран» кітабы бар. Оны «Құранның» алғашқы бетіндегі өрнектелген «Матбағ Осман» деген жазу айғақтайды. «Құран» шығыс қағазына, араб жазуының насих үлгісінде жазылған. «Құран» сурелерінің жазуы анық, бірақ өте ұсақ болғандықтан, оқылуы қиын. Бастапқы және соңғы беттеріндегі өрнектеліп жазылған жазулардан жылын, баспасын ажыратуға болады, бірақ кітап өте кішкене болғандықтан, арнайы лупалармен қарау керек. Бұл «Құран Керім» XX ғасырдың басында шыққан, осы күнге жеткен өте сирек кездесетін толық нұсқасы деуге болады.

«Хандар шежіресі» деп аталатын қолжазба 1964 жылы кітапхана қызметкері Е.Байболов деген адамның атына келіп түскен. Қолжазбаны жолдаушы С.Құлбасинов деген азамат мекен-тұрағын «РСФСР, Челябинский облысы, ст. Субухта, Магнитный Зерно совхозының Южное отделение» деп көрсетіпті. Қолжазбаның ені – 45 см, ал ұзындығы – 3 метр. Қолжазбаның жа-



«Аналитикалық химия» туындысын, М.Ломоносовтың «Орыс халқының қысқаша шежіресін», Г.Гейнзистуцтың неміс тілінен аударған «Кометалар сипаттамасын», В.Севергиннің «Ресей мемлекетінің жер сипаттамасынан тәжірибе» атты туындыларын топтастыруға болады.

Шет тілдеріндегі сирек кітаптарға атақты неміс саяхатшысы, географ, шығыстанушы, тарихшы, математик және физик Адам Олеарийның «Московияға, Московиядан Парсы еліне және қайта оралу саяхатының баяндамасы» атықты туындысын, нидерландық саяхатшы Ян Стрэйсию «Путешествия в Московию, Тартарию, Персию», өнер тарихшысы, суреткер, суретші, Бавария мұражайының директоры Яков Генрих Гефнердің «Орта ғасыр христиан костюмдері», Бронислав Залескийдің «Қырғыз даласының өмірі» деген еңбектерін топтастыруға болады. Осындай тарихтың көзі іспетті қазыналы дүниелер еліміздің өткенінен мол ақпарат береді.

– Кітапхана жұмысында заманауи технологиялардың қолданысы қалай?

– Бүгінгі технологиялар дамыған кезеңде кітапхана оқырмандары да өзгерді. Көпшілігі ақпаратты ғаламтордан алатын болды. Дегенмен,

мұны керемет жаңалық ретінде қабылдап, осы бағыттағы жұмыстарға кірісіп кетті. Бүгінде 5000-нан астам құнды дерек, мұралардың электронды нұсқасы дайын, сайт арқылы оқып, білуге болады.

Соңғы кездері «кітап қорының қажеті жоқ, электронды жүйеге көшу керек» деген мәселелер де туындап жатыр. Уақыт өте келе бұл мәселе де өз шешімін табады деп ойлаймын. Біз дәстүрлі кітапхананы сактай отырып, электронды кітапхананы құрудамыз. Яғни оқырмандар кітапхананың сайты арқылы үйінде отырып не өлеңнің қай түкпірінде жүрсе де, компьютер, телефон арқылы кітаптардың электронды нұсқасын еркін пайдалана алады. Осылайша, технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, оқырмандар назарын кітапханаға бұра білдік. Яғни бүгінгі таңда, кітапхана қорын әр адам қалтасына салып жүр деуге болады.

Орталық ғылыми кітапхана – республикадағы ғылыми-библиографиялық қызмет көрсету орталығы. Ал мұндағы бірнеше библиографиялық сериялар зияткерлік меншік сертификатына ие. Қазақстан ғылымының іргелі және қолданбалы зерттеулерін библиографиялық ақпараттармен қамтамасыз ету үшін Орталық ғылыми

## ҰЛЫ ДАЛА АТАУЛАРЫ

# МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**Көкала** – қоныс, қыстау. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және ала (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған. Ала сөзі «биіктік» немесе «тау» мағыналарында қолданылады (Е.А.Керімбаев, 181). Мағынасы: «Көк руының тауды қонысы» немесе «көк майсалы тау, биік төбе».

**Көкалы** – қауым. Тұпқараған ауданында орналасқан. Көкала топонимі Гөкалы деп аталатын ортағасырлық оғыз-түркімен тайпасының атынан пайда болған. «Атау көк этнонимімен байланысты, яғни гөкалы «көк елінің адамдары» деген мағынаны береді. Көк этнонимі туралы бірнеше болжам бар: а) Оғыз ханның төртінші ұлы Көктің атымен аталған; ә) А.Н.Кононовтың көрсетуі бойынша, көк түркі географиялық терминологиясында «шығыс, шығыстық» деген мән береді (С.Атаниязов, 1988, 52). Сонымен, атаудың мағынасы: «Көк руының қауымы».

**Көкбайтал** – құдық. Бейнеу ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және байтал (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атау көк этнонимімен байланысты, яғни гөкалы «көк елінің адамдары» деген мағынаны береді. Көк этнонимі туралы бірнеше болжам бар: а) Оғыз ханның төртінші ұлы Көктің атымен аталған; ә) А.Н.Кононовтың көрсетуі бойынша, көк түркі географиялық терминологиясында «шығыс, шығыстық» деген мән береді (С.Атаниязов, 1988, 52). Сонымен, атаудың мағынасы: «Көк руының қауымы».

**Көккүмбет** – көне кесене. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және күмбет (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Күмбет – араб тілінен енген «күмбез» деген сөз. Сонда атаудың мағынасы: «көк тасты күмбез».



**Көкқұдық** – құдық, мүйіс. Қаракия ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «суы мөлдір құдық».

**Көкпекті** – құдық, төбе. Бейнеу, Тұпқараған аудандарында орналасқан. Көкпек – алабұта тұқымдасына жататын біржылдық шөптесін немесе көпжылдық бұташық өсімдік. Мағынасы: «көкпек қалың өскен төбе», «көкпек қалың өскен төбеден қазылған құдық».

**Көксай** – жыра, құдық. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және сай (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «көк майсалы, шөбі мол сайдан қазылған құдық».

**Көксіпекен** – тау. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және сіпекен (етістік) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «егін, бау-бақша егілген тау».

**Көктам** – мазар. Сам құмының солтүстік-батысында орналасқан. Атау көк (сын есім) және там (зат есім)

сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «алыстан көгеріп көрінетін, көк тасты там».

**Көктас** – қыстау, құдық. Қаракия ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және тас (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «көк тасты жерден қазылған құдық».

**Көктерек** – шатқал. Мұнайлы ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және терек (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «терек өскен шатқал».

**Көктөбе** – Маңғыстау ауданындағы жер. Атау көк (сын есім) және төбе (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «алыстан көгеріп көрінетін төбе немесе биік төбе».

**Көкөрткіл** – тау. Маңғыстау ауданы, Қаратау тауларымен Маңғыстау үстірті аралығындағы сайлы-жыралы келген жазықта орналасқан. Мағынасы: «биік, алыстан көгеріп көрінетін үсті тегіс төрт бұрышты тау» немесе «көк сазды тау».

**Көктіқұдық** – құдық. Маңғыстау ауданында орналасқан. Атау көкті (сын есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Атау құдық маңы көк шөпті болып келуіне байланысты қойылған.

**Көкшесу** – бұлақ. Маңғыстау ауданы. Атау көкше (сын есім) және құдық (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «биіктен ағып жатқан бұлақ» немесе «мөлдір су».

**Көкшөп** – алқап. Қаракия ауданында орналасқан. Атау көк (сын есім) және шөп (зат есім) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мағынасы: «көк шөпті алқап».

«Маңғыстау облысының топонимиясы» кітабы бойынша дайындаған  
Абылайхан ЖҰМАШЕВ







ПАРАСАТ ПЕН ПАЙЫМ

ішкі бөліктерде ортақ байланыс, бірлік бар. Бірін-бірі байытағын тұстар, терең мәнді талдау, өзіндік өзгешеліктер де кездеседі.

«Қазақ әдебиеттануының бастау көздері» – қазақ сөз өнерінің тарихы мен оның көрнекті өкілдері мен басты туындыларындағы ғибратты ғұмырдың өрнекті өрістерін, кемел ой мен көркем сөздің қасиеті мен құдіретті тұстарын, адам еңбегі мен ақыл-парасат сипаттарын, т.б. алуан ізденіс, терең таным, жан-жақты талдаулардың өзекті арнасын құрайды.

Алаштың қайраткер-қаламгерлерінің әдебиеттану бағытындағы еңбек-мұра-мұра



Кітаптың басым бөлігі мен маңызды тұстарын – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануына өлшеусіз үлес қосқан қаламгер-қайраткерлер, ақын-аудармашы, ұстаз-ғалымдар құрайды (Ә.Бөкейхан, С.Сәдуақасұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, К.Кемелгерұлы, Х.Досмұхамедұлы, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, К.Жұбанов, М.Әуезов, т.б.). Автор алашшыл-ұлтшыл қазақ зиялыларының өмірі мен кезеңіне, шығармашылық мұраларына, ең негізгісі елдік мұрат жолындағы ізденіс-еңбектеріне, көзқарас-мұраттарына жіті назар аударды. Басты еңбектеріндегі ұлттық бағыт-арналарға, мәдени-рухани салаларға, динимандылық қырларына, танымдық Һәм тәлімдік мәніне көп көңіл бөледі.

«Асыл сөздің теориясы» үш бөлімнен тұрады. Бастапқы тұстан-ақ байқалатыны, кітаптың құрылым-жүйесі мен мазмұн-табиғатынан ортақ мұраттар, жанашылдық пен сабақтастық, талдау мен саралау сипаттарының мол екені айқын аңғарылады. Автор қайсыбір бөлімде де қазақ әдебиеті мен тарихын, оның теориясы мен сынын қатар қарастырады. Әлемдік әдеби үдеріспен байланыстыратын сәттері де көптеп кездеседі. Айталық, алғашқы бөлімге енген – «Ф.М.Достоевскийдің соңғы романы», «Натурализм және XX ғасырдың көркемдік құндылығы», «Бүгінгі постмодернизм», «О критическом реализме» сынды мақалаларда әлем әдебиетінің теориялық қисындары – Ф.М.Достоевский, А.С.Пушкин,

АСЫЛ СӨЗДІҢ

сырлы сипаттары

Осы орайда, әдебиеттанушы-ғалым Айгүл Исмакованың бұған дейінгі кезеңдерде – «Казакская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль», «Возвращение Плеяды», «Тәуелсіздік және Алаш ғылымы», «Қазақ әдебиеттануындағы тәуелсіздік идеясы», т.б. зерттеу еңбектерімен бірге қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдары хақында көптеген мақалалардың авторы ретінде әдеби жұртшылыққа кеңінен таныстығын ескерсек, Алаш мұратын айқындау ісіндегі көзқарас, қаламдарын құптауға өбден болады. Әсіресе Алаш мұраты мен мұрасын – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихымен, танымал тұлғалардың мұрасымен, әдеби үдерістің бағыт-бағдарларын байланыс-бірлікте қарастыруы, кеше-бүгінді сабақтастықта сөз етуі, ортақ мұраттарды қозғауы мәнді, қажетті еңбек болып табылады.

Бұл бағыт, арналар жекелеген қаламгер, зерттеушілер тарапынан да жүйелі түрде жүргізіліп, қалың көпшіліктің ықпалас-іліптігін арттырып, ие болып келеді. Осы реттен келгенде, әдебиеттанушының «Алаш әдебиеттануы», «Асыл сөздің теориясы» атты кітаптары ізденіс арналарын айқын, қолтаңба мен көзқарас мұраттары берділі, тақырыптық табиғаты мен мазмұн-құрылымы келісті де көркем құрылған, зерттеу бағыты мен баяндау жүйесі жағынан бірін-бірі толықтыратын, қайсыбір тұстарда әдеби-ғылыми саралау-салыстыру, танып-талдау сипаттары тұрғысынан өзіндік өзгешеліктері, белгі-ерекшеліктері бар елеулі еңбектер қатарына жатады.

Ақиқатын айтсақ, кітап тақырыптары мазмұн байлығын ғана аңғартып қоймайды, сонымен бірге құрылым-жүйесін, кемел де өзекті мәселелерді, ең негізгісі ұлттық әдебиеттану мен теориялық қисындарға қатысты аса ауқымды жайттарды алыс-жақын елдер тәжірибесімен, жаңа бағыт, соны сипаттарға толы ізденіс арналары мен көзқарастар жүйесі негізінде зерттеу мен зерделеу мұраттарына айналдыруы – бүгінгі әдеби үдеріс пен әдебиеттану ғылымының өзекті тұстарын жан-жақты айқындайды.

«Алаш әдебиеттануы» – қазақ әдебиетінің тарихын, оның ішінде ұлттық әдебиеттанудың арғы-бергі кезеңдерін жиырмасыншы ғасырдың басындағы әдебиеттану әлемімен байланыстырған, қоғамдық-әлеуметтік ахуал мен танымал тұлғалардың өмірі мен кезеңін, шығармашылық мұраларын жаңа уақыт талаптары тұрғысынан танып, таразылауға арналған. Әсіресе XX ғасырдың басындағы Алаш мұрасы мен мирасы, оның көрнекті өкілдерінің өмірі мен кезеңі, қоғамдық Һәм әлеуметтік істері, ұлт руханиятындағы орын-үлестері, тарих пен танымға қатысты ізденіс-мұраттары, білім-ғылым жүйесіндегі көзқарастары мен алуан тақырыптағы еңбектері, ең бастысы, халық азаттығы мен тәуелсіздік жолындағы игілікті де ізгілікті қадамдар, елдік мұрат-мүддеге адалдығы, ұлт пен ұрпақ, ел-жерге жанашырлығы мен жауапкершілігі, тұрақтылығы мен табандылықтары, т.б. алуан мысал-дерек, зерттеу-зерделеу, тану-талдау тұрғысынан кен көлемде қарастырылады. Әлемдік әдебиет пен ТМД халықтары сөз өнеріндегі басты бағыт-арналарды, әдеби байланыс пен дамуға қатысты үдерістерді ұлттық әдебиеттану төңірегінде қарастырып, салыстыра салғастыруы, тиісті тұстарда тілге тиек етуі де мейлінше мәнді әрі дәлелді де қонымды шығып отырады.

«Алаш әдебиеттануы» екі көлемді тараудан тұрады. Әр тарауда бірнеше бөліктер бар. Оның соңында пайдаланған әдебиеттер қоса беріліп отырады. Маңыздысы: әр тарау мен

лары мен оның кеңес кезіндегі әдебиетке әсер-ықпалы кеңінен көрсетіледі. Қазақ әдебиеттануының бастапқы тұсында тұрған – Әбу Насыр әл-Фарабидің ер алуан бағыттағы еңбектері («Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдарды классификациялау», «Аристотель еңбектеріне түсініктеме», «Өлең кітабы», «Поэтика және поэтикалық ойлау», т.б.) XX ғасыр басында Алаш зиялыларының, оның ішінде – А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» кітабы арқылы кеңінен дамытылғаны жүйелі сөз етіледі. Кітап авторы әл-Фараби мен А.Байтұрсынұлына дейінгі кезең ерекшеліктерін, басты еңбектеріндегі ортақ байланысты, асыл сөздің арналы салаларын, көркемдік құндылықтарды кеңінен көрсетеді. Ұлттық сөз өнерінің бастау көздері мен әуелгі түп-тамырлары көне кезеңдерде жатқанын, әсіресе Көк түріктер элементі мен Сактардың қаһармандық дастандары, Ғұндардың батырлық жырлары, әл-Фарабидің – Абайға ұласқан сабақтастық сырлары кеңінен көрсетіледі. Ұлт тарихы мен тағылымына мән беріледі. Кеше мен бүгін байланысы, тәуелсіздік табиғаты жан-жақты ашылады. Ортақ мұраттар, өзекті мәселелер қозғалады.

Кітап авторы қазақ әдебиеттануының арғы-бергі кезеңдерін төмендегіше жүйелісі: «Ежелгі дәуір әдебиетінен бастап, XX ғасыр басына дейінгі мерзім арасы қазақ әдебиеттануының бастауы болып табылады. Екінші кезең – қазақ әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасу кезеңі – 1905-1930 жылдар аралығы.

1926 жылы А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» жарық көрді. Бұл – қазақ әдебиеттануының қалыптасқанын нақты дәлелдейтін ғылыми дерек.

1926-1956 жылдар Кеңес кезіндегі қазақ әдебиеттануының қалыптасуы.

1957-1990 жылдар Кеңес кезіндегі қазақ әдебиеттануының дамуы.

1991 жылдан бері тәуелсіздік кезеңінің әдебиеттануы орын алуда. Ұлт руханияты, әдеби үдеріс, көркемдік мұраттар назарға алынады.

«Алаш әдебиеттануы» еңбегінің екінші бөлігінде («XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануының кәсіби қалыптасу кезеңі (1905-1930)» – ұлттық әдебиеттану тарихы, қазақ сөз өнерінің теориясы, БАК жүйесі, кітап шығару ісі, оқу-ағарту жұмыстары, тарих пен таным, тіл мен дін, т.б. кең орын беріледі. Абайтанудың бел-белестері, А.Байтұрсынұлының «Әлілби», «Әдебиет танытқыш» еңбегіндегі теориялық қисындары, қазақ зиялыларының асыл сөз туралы ойлары мен толғамдары да тиісінше сөз етіледі. XX ғасыр басындағы қоғамдық жағдай, дүбірлі дәуірдің қилы кезеңдері, азаттық жолындағы ұлт зиялыларының көзқарас, қимылдары алуан мысал-деректер негізінде беріледі. Бүгінгі бағыттары, даму үрдістері айқындалады.

Кітап авторы XX ғасыр басында қазақ әдебиеттануының келелі мәселелерін сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік ахуалмен, мәдени-рухани өмірдегі өзгерістермен, жекелеген қайраткер-қаламгерлердің (Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Жұмабай, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Р.Мәрсеков, Ә.Диваев, Т.Ж.Көпеев, С.Порайғыров, С.Сейфуллин, т.б.) өмірі мен шығармашылығы, ұлттық мұрат пен руханияты ісіндегі жанашырлығы мен жанкешті әрекеттері арқылы көрсетеді. Басты еңбектері, негізгі ізденіс, көзқарастары елестекшілігі, оның кеше-бүгінмен байланысына, ұлттық-тарихи сипаттарына, әдеби-мәдени Һәм рухани маңызына мән беріледі.

Рақыман ТҰРЫСБЕК,  
филология ғылымының докторы, профессор

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында ҚР Мемлекеттік орталық музейінде «III Арғынбаев оқулары. Қазіргі заман этнография ғылымы және оның қоғамдық жаңғырудағы ролі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Ізгі шараны Мемлекеттік орталық музейі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультеті мен III.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтымен бірлесіп өткізді. Жиында ҚР Мемлекеттік орталық музейінің директоры, профессор Нұрсан Әлімбаев ашып, Халел Арғынбаевтың ғылымға сіңірген еңбегіне баса назар аударды.



Арғынбаев оқуларының тағылымы

Еліміздің этнологтары мен антропологтары бірлесіп жұмыс жасауы үшін қауымдастық құру жөнінде ұсыныс айтылды. Нәтижесінде этнологтар, этноархеологтар, мәдениеттанушылар, өнертанушылар, тарихшылар мен гуманитарлық ғылым саласының мамандары қатысқан жиында «Қазақстан этнологтары мен антропологтарының республикалық қауымдастығы» құрылды. Қауымдастық жетекшілігіне әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің тарих, археология және этнология факультетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Аманжол Қалыш сайланды.

Түркиядан арнайы келген ғалым, Ыстанбұл қаласындағы Йедитепе университетінің профессоры Ариф Аджалоглы баяндама жасап, түркі әлеміндегі этнографияның ерекшеліктеріне тоқталды.

Этнолог, профессор, тарих ғылымының докторы Серік Әжіғали қазақ этнографиясы ғылымының тарихы тереңде жатқандығын тілге тиек етіп, ұстазы Халел Арғынбаевтың нағыз қамқор тәлімгер болғандығын атап өтті. «Мен Халекенмен көп араластым. Қасында жүріп, білім алдым, тәжірибе жиналды. Менің өзім ол кісі туралы 15-тең мақала жазып, ол дүниелер әр жылдары баспасөзге жарияланды. Ассоциация жұмысына сәттілік тілеймін» дей келе, ол соңғы уақытта «қазақ этнография мектебі» деген ұғым пайда болғанын, оның негізі ҚР Ұлттық ғылым академиясы мен Тарих және этнология инс-

титутында қалыптасқанын әрі сол мектептің жетекшісінің бірі Халел Арғынбаев болғанын сөзіне арқау етті. Жиында тарих ғылымының докторлары Меруерт Әбусейітова, Талас Омарбеков, Берекет Кәрібаев, Жамбыл Артықбаев және т.б. сөз сөйлеп, этнография ғылымының тарихы жөнінде ой өрбітті.

Конференция жұмысы отандық этнология ғылымының тарихы; қазіргі Қазақстан этнология ғылымының өзекті мәселелері; этнология және оған байланысты ғылымдар: тарих, археология, көркемөнер, фольклортану және т.б.; музей және Қазақстандағы музей үрдісі; этнографияның және аралас пәндердің методологиясы, әдістері атты тақырыптар бойынша секциялық жұмысқа ұласты.

«Х.Арғынбаев және қазақ этнографиясы» атты көрме жиынға қатысушылардың қызығушылығын туғызды. Ғалымның кезінде Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында қызмет істегендігін өзгі қаракты оқырман хабарлар. Сол кезде, 1973 жылы 30-ға жуық құнды жәдігерді Орталық мұражайға табыстаған екен.

Көрмеге экспедиция барысында Х.Арғынбаевтың қолымен жиналған заттар және ғалымның жеке заттары, құжаттары қойылған. Көрме сөресінен «Абай шығармаларындағы этнографиялық сипаттамалар хақында», «Жетісу өңірінің халқы» қолжазбалары, «Қазақ отбасы», «Қазақ

халқының колонері» атты еңбектері және т.б. орын тепкен. Жапал, кебеже, жержастық, кесеп қап, қонқы, ер, сенсен тон, алаша секілді халқымыздың тұрмыстық заттарын да кездестіресіз.

Жиын барысында қауымдастық төрағасы А.Қалышты әңгімеге тартқан едік. «Біз Кеңес өкіметі кезінде, тоталитарлық заманда өмір сүрдік. Ол кезде этнографиядан кандидаттық, докторлық диссертация жана елімізде қорғай алмадық. Мен де кандидаттық диссертациямды Мәскеуге барып, қорғауға мәжбүр болдым. Қазір жақсылық көп. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде осы сала арналған ғылыми кеңес бар. Мен сол ғылыми кеңестің ғалым-хатшысымын. Бұл тақырып әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, т.б. жоғары оқу орындарында арнайы оқытылып жатыр. Диссертация қорғаймын, білімімді жетілдіремін деген жастарға елімізде барлық мүмкіндік бар» деді ол.

Сонымен қатар басқосуда бес томдық «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты ғылыми энциклопедиясының таныстырылымы болды.

Бағдауыл БАЛАУБАЕВА

ҰЛТ БОЛАМ ДЕСЕҢ, ҰРПАҒЫҢДЫ ОЙЛА

Еліктеудің де жөні бар

Әр дәуірдің өзіне сай келбеті мен бедері болады. Қоғамдағы өзгерістер мен игі қадамдар жастар тәрбиесіне елеулі өзгерістер енгізіп, олардың ой-санасы мен таным деңгейіне тікелей әсер етеді. Қоғамның қозғаушы күші – жастар десек, осы жастарымыздың бойындағы білім мен тәрбие, қоғамдағы жаңашылдық өзгерістер әрқайсымызды да ойландырмай қоймайды.

Өткен ғасырларда да, бүгінгі күні де ұрпақ тәрбиесі назардан тыс қалған емес. Бүгінде дендеп дамып жатқан технологиялардың әсерінен жас ұрпақ қана емес, егде жастағы адамдардың да таным деңгейі мен көзқарастары өзгерген. Бізді толғантатыны – осы өзгерістер жастарға өзіндік оң және кері әсерлерін тигізетіні. Осы ретте жастардың таным деңгейі мен ой-өрісіне әсер ететін негізгі факторларға тоқталып өтейік. Қанша мойындамасақ та жастың жатып, бас көтермей кітап оқып жүрген жастардан гөрі ғаламтордың ғаламаттарын күр жібермейтін, таннан кешке дейін бұл элементі емес, виртуалды әлемнің тыныс-тршілігіне құмарлары көп. Тіпті өмірінің бір бөлшегіне айналдырғандар да жок емес.

Жалпы ұрпақ тәрбиесінде отбасы тәрбиесі ғана емес, көше тәрбиесінің әсері мен ықпалы көп. Ал күнделікті өзгеріске ұшырап, жанаша бір екпінмен дендеп жатқан мына заманда тепе-теңдікті сақтап қала алмайтын кейіптеміз. Себебі қай жағынан алсақ та көшедегілерге қарап, көш түзген заманға айналдық. Бес саусақ бірдей емес. Көпке топырақ шаудан аулақпыз. Дейтұрғанмен, бүгінгі жас ұрпақтың ұлттық құндылықтар, рухани азықпен сусындауы басен болмыспен өсіп келе жатқаны ашы шындық. Ол қанша айтылып жатса да, сол сарымен жалғасып келе жатыр. Ал Елбасының бағдарламалық мақаласын: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» деген тақырыпта қойғанын ескерсек, бұл әлі де айтылып, қолға алып, пісіру керек өзекті мәселе екенін және оған бейжай қарамауымыз керектігін тағы бір айқындап тұр.

Бағрылар жыры, дастандармен сусындаудың орнына шетелдік фильмдермен, созылған сериалдардағы азғындық оқиғалардың жалғасын сарыла күтіп тұрып көрумен тәрбиеленуде. XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры, техника жетіліп, жаңа технология дамыған уақыт. Мектеп жасына

түр-түрін көреді. Демек, бұрынғы құндылықтарға аса қызыға қоймайды. Осының бәрі жаңа қоғамдық формацияның әсері. Әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа рухани тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай халықтық дәстүрге негізделген бабалар рухына сай тәрбие жүйесін құру қажеттілігі кезек күттірмейтін мәселе.

Айту басқа да, оны жолға қою бір басқа. Ұрпақ тәрбиесінде рухани құндылықтарды сіңіруде атқарылып жатқан шаралар тек есеп беру мақсатында ғана емес, оның ажырамас бір бөлшегіндей болу керек. Рас, бұл ретте біз ақын-жазушыларымыздың мерейтойлары, тарихи оқиғаларға арналған жиындар сынды шараларды ғана айта аламыз. Осы ретте телефонға телмірген жастарды рухани сусындатудың жолы қандай деген сауал туындайды. Бұл мәселенің бір қыры ғана екені сөзсіз. Жаңа қоғамдағы технологиялардың ғажайыптарынан жастар көп үзгісі келмейтіні. Десек те, таяқтың екі ұшы болатындай жаңа қоғамның да өз тиімді тұстары бар. Бұрынғы ата-бабаларымыздың армандаған айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған телефон арқылы көптеген істер атқарылып, жұмысты оңтайландыру үшін баршамыз да осы телефон мен ғаламторға тәуелді боп қалатынымыз рас. Еліміздің жастары әлемдік жарыстар мен дүбірлі додаларға қатысып, женістерге жетуі жаңа қоғамның жетістіктері. Ендеше қоғамдық формацияның өзгешелігі бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде өзіндік әсерін қалдыратыны заңды құбылыс. Ал біздің міндет – ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан ұлттық және рухани құндылықтарымыз бен өзіндік бет-бейнемізді, болмысымызды сақтай отырып, жаһандануға жұтылмай, керісінше өз ұлттық нақышымызды жоғалтпау маңызды.

Толқын ЕСӘЛҚЫЗЫ,  
философия ғылымының докторы



Қазақ тіл біліміндегі көрнекті ғалым, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жаратылыстану ғылым академиясының, сондай-ақ Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Сейілбек Мұхамеджарұлы Исаевтың еліміздің ғылымы мен білім беру жүйесінде атқарған ауқымды істері мен ғылымға қосқан үлесі жөнінде әлі талай айтылғандық. Қазіргі А.Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институтынан бастау алған өмір жолы 1968 жылдан өмірінің соңына дейін Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтында (қазір университет) жалғасын тапты. Бұл оқу орнындағы еңбек жолын қатардағы оқытушылықтан бастаған Сейілбек Мұхамеджарұлы кафедра меңгерушісі, факультет деканы қызметтерін абыроймен атқарып, институт ректоры дәрежесіне дейін көтерілуі ғылым мен білім жолында жүрген талайларға үлгі-өнеге дер едім.



# ЗЕРДЕЛІ ҒАЛЫМ

Сондықтан да аса сезімтал, сирек лингвистикалық түйсік иесі ретінде қазақ тіл ғылымының дамуына айырықша үлес қосқан оның зор ұйымдастырушылық қабілеті, еліміздің білім беру жүйесіндегі, соның ішінде қазақ қыздарының парасат мектебіне айналған Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінде болған он өзгерістерге ықпал еткенін атап өткен ләзім.

Профессордың университетті басқарған жылдары Кеңес өкіметінің ыдырап, еліміз Тәуелсіздікке енді қол жеткізген алғашқы он жылдығына тұспа-тұс келді. Жағдай қандай тұста болмасын, одан шығу үшін мықты басқарушылық тәртібін қажет болды. Ол, ең алдымен, үлкен ғалым ретінде институттың ғылыми, инновациялық, халықаралық, ғылыми-әдістемелік қызметтеріне айрықша серпін берді. Сол кездің өзінде институттың ұстаз ғалымдары 24 тақырыпты қамтитын, ауқымды, түрлі ғылыми көкейкесті мәселелерді шешуге арналған зерттеу жұмыстарын жүргізсе, оның ішінде 13 тақырып Қазақ КСР-нің басқа да ғылыми-зерттеу институттарының бағдарламасына сәйкес болды.

Ректорлық қызметке келгенде алғашқы қолға алған маңызды шаралардың бірі – бұрын-соңды институт тарихында болмаған аспирантура ашу ісі. Ол қазіргідей Астана арқылы шешілетін мәселе емес еді, ол үшін 1990 жылы Мәскеуге барып, үлкен еңбекпен ашылды. Алғашқыда бес мамандық бойынша ашылған аспирантура мамандықтарының саны тоқсаныншы жылдардың аяғында жиырмаға жуықтады. Ғалым мұнымен тинбай, институт тарихында тағы да алғаш рет 1993 жылдан бастап төрт мамандық бойынша кандидаттық диссертация қорғау кеңесін ашты. Білікті ғылым докторларын жинады. Сол 1990

жылдары Қыздар институтындағы қазақ тілі кафедрасы тіл ғылымы бойынша ғылым докторының саны көп республикадағы бірден бір кафедра болды. Профессор С.Исаевтың дәрісін тыңдауға Алматыдағы өзге іргелі оқу орындарының студенттері келетін. Ал шетелдерден – Канада, Үндістан, Корея мемлекеттеріндегі университеттермен келісімшарт жасалып, бірнеше студент сол елдерде білім алса, Қытай, Швейцария үйренуге біздің институтты таңдайтын.

Білім беру орындарының басты миссиясы – сапалы маман даярлау екенін баспасөз беттерінде де, әртүрлі дәрежедегі бұлақ жиналдарда да баса айтатын: «...Бүгінгі жас маман мамандық саласында бірыңғай үш міндетті атқара алатын болуы керек; ол зерттеуші ғалым, яғни мамандық саласының ғылыми негіздерін білетін, қажет болған жағдайда оның жекелеген мәселелері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын да жүргізе алатын, соның негізінде әртүрлі ақпараттарды талдап, орын орнына пайдаланатын болуы керек. Сөйтіп, ол басқарушы, менеджер, теориялық білімін кез келген жағдайда іс жүзінде асыра алатын маман болуы керек. Міне, осындай талаптарға сай маман ғана бүгінгі құбылмалы өмірде өз орнын лайықты таба алады». Бұл жолдардан ғалым басшының нәтижесіне бағдарланған біліммен қатар, бүгінгі уақытқа сай, бәсекеге қабілетті, креативті, зерделі тұлға қалыптастыру жолын ұйымдастыруға деген құлшынысы айқын байқалады.

Білікті басшы сапалы маман даярлаудың кілті – мемлекеттік стандартта екеніне мән беріп, оған сындарлы талдау жасайды: «...Мамандыққа байланысты мемлекеттік стандарттың өзінде оның мәні неде деген басты сауал айқындалмай қалған сияқты. Ол сол жасалған, бекітілген мемлекеттік

стандарттың мазмұнынан, пән сандары мен бөлінген сағаттарынан байқалады. Мысалы, әрбір оқу жылына орта есеппен 1700-1800 сағат белгіленген. Әрбір оқу жылы қысқы, жазғы демалыстарды, сынақ-емтихан сессияларын есептегенде 37-38 аптадан тұрады. Сонда әрбір атапқа 45-46 сағат, кейде тіпті 51 сағатқа дейін жоспарланады екен. Осындай өте тығыз және көп сағаттық жүктеме шәкірттерге сапалы теориялық білім алуға, ол білімдерін практикалық тәжірибеде киналмай қолдана алуға мүмкіндік бере ме? Екіншіден, мемлекеттік стандартқа әлі де болса басы артық пәндердің орын алуы, салмақты да салықалы талдау, таңдаудың нәтижесі емес деген ой келеді» дейді бір мақаласында. Бұдан 20 жыл бұрынғы профессор көтерген бұл мәселе күні бүгінге дейін өзектілігін жойған жоқ.

Ғалым институтта бар мамандықтардың сапалық өсуіне жағдай жасап қана қойған жоқ, бірқатар жана мамандықтар ашып, жана оқу пәндерін енгізуге қол жеткізді. Олар: еңбек және қазақтың декоративтік өнері, қазақтың ұлттық билері, әлеуметтік-ұлттық психология, шет тілдерін меңгерген аудармашы-референт, биология және фермерлік шаруашылық негіздері, әлеуметтік-мәдени сервис және туризм мен іскерлік байланыс, құжаттану және құжат ісін жүргізуші, т.б. Мұның бәрі айтуға жеңіл болғанымен, көп қажыр-қайратты талап ететін іргелі істер еді. Ғалымның оқулық сапасына қатысты пікірлері де бір төбе. Жоғарыдағы мақалада оқулық сапасына байланысты: «Білімнің сапалылығы, ең алдымен, оқулыққа байланысты, жасыратыны жоқ, олардың көпшілігі ескірген, бүгінгі күн талабына сай емес. Сырт өзгергеннен ішкі мәні, мазмұны үлкен өзгеріске түспеген, қазақстандық сипатқа әлі толық ие бола алмай отыр. Сондықтан да ұстаздардың өзін-білімін жай жетілдіріп

кана қоймай, жаңа жағдайларға байланысты өтпелі кезеңдегі қайшылықтар мен күрделілігі сарапқа салынып, соны талдап, шәкірттердің теориялық білімін тереңдеті, практикалық дағдыларын ұштай білетін білімдарлық деңгейін өрістеті түсу қажет болып отыр» деген жанақайы министрлік тарапынан қолдау тауып, кейіннен «Оқулық» орталығының ашылғанын жақсы білеміз. Өзі де оқулық жазу ісімен айналысып, республикалық конкурста ғалым ұсынған оқулық жеңімпаз болып танылған.


Білім беру жүйесіндегі ақпараттық технологияның қаншалықты маңызды екеніне мән берген Сейілбек Мұхамеджарұлы оқу процесін қазіргі информациялық технологиясыз, компьютерлік білімсіз жүргізу мүмкін емес екенін, қоғам дамуының бүгінгі кезеңінде жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие жұмысын информатикаландыру проблемалары білім беру мазмұнын жанартып, жаңғыртудың белсенді бір құрамды бөлігі болып отырғанын үнемі айтып, жазып жүрді.

Ірі ғалым, іскер басшы болумен бірге табиғаты нәзік, өнерге құштар жан еді. Сондықтан да университетке басшылық жасаған жылдары «Ұлар» этнографиялық ансамблі дүниеге келіп, «Өнер – жастан» атты музыкалық клуб пен «Қыз Жібек» эстетикалық клубы жұмыс істеді. «Абай», «Біржан – Сара», «Қыз Жібек» операларымен қоса басқа ұлттардың классикалық інжу-маржандарын да сахнаға шығарды. Ұрпақтар сабақтастығы деген осы болар, қыздарды ұлттық дәстүр мен төл дүниетаным аясында тәрбиелеу және оларға озық заманауи құндылықтарды кіріктіру арқылы ұлтжанды, парасатты, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті дәріптейтін «Қыз Жібек» клубы ашылып, жұмыс істеп келеді. Бұл да болса ғалым идеяларының нәтижесі. Білім беру ісінде ұлттық құндылықтардың маңызы жөнінде: «Біз кейде математиканы өзгертудің не қажеті бар, оны ұлттандырамын деу күлкіге қалдырады, математика қазаққа да, орысқа да, кәріске де бірдей деп жатамыз. Әрине, жоғары математика заңдылықтары бірдей шығар, бірақ бәрібір дүниеге көзқарас ұлттық тұрғыда өрбуі керек. Себебі өз халқын сүйе алмаған ұрпақ өзге елді құрметтей алмайды» деген ғалым қазақстандық білім беру жүйесінде ұлттық тәрбиенің қоса берілуі қажеттігін үнемі насихаттап жүрді. Бұл Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылған ұлттық код, тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлер, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырту мәселелерінен сөйкес келіп тұрғанын аңғару қиын емес.

«Халқымыздың тамаша дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын ана білмесек, оны сәбиен үйретіп, қанына сіңірмесек, халқымыздың тірлігі де, бірлігі де болып келген өрелі дәстүрлерін жас ұрпақ қалай ұстанбақшы?» деген оймен барлық мамандыққа «Халықтық педагогика», «Қазақ халқының салт-саналары мен әдет-ғұрыптары» деген пәндер енгізіп, әр жатақханада ұлттық ою-өрнектермен өрнектеліп, жабдықталған «Ақ босаға», «Ақ отау» атты арнайы белмелер жабдықтау ұлтын сүйген үлкен жүректің ауыл қыздарына жасаған жақсылығының бір парасы ғана.

**Тыныштық ЕРМЕКОВА,**  
**Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің профессоры**

## БІЛІМ КӨКЖИЕГІ



ғалымдар. Алағай уақытта бұл өнертабыс кенінен қолданыс табады деген үміттеміз.

Бұдан кейін Кеңес қатысушылары робот техникасы бөлімінде көкпар, тенге алу, арқан тартыс сияқты қазақтың ұлттық ойындарына куә болды. Жаңа технологиялар дәуірінде ұлттық ойындарды осындай түрде де жаңғыртуға болады екен.

Лицей оқушыларының таланты мен талабына нәтигі болған қонақтар олардың болашақтағы ғылым жолына табыс тілеп, «Қамқоршылық кеңесінің» кеңейтілген отырысын бастап кетті. Кеңес мүшелері мектеп-лицей ұжымының ізденістерін қолдап, өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Өз кезегінде Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне қарасты Аэроғарыш комитетінің төрағасы Еркін Шаймағамбетов комитеттің лицей оқушыларына қолдау көрсететінін жеткізді. Ал В.Фесенков атындағы Астрофизика институты директорының міндетін атқарушы Асылхан Бибосынов мектеп-лицей оқушыларының ғарыш саласы бойынша жобаларына қызығушылықтарын одан ары арттыру мақсатында «Қазақстандағы ғарыштық ғылыми зерттеулер мен технологиялардың дамуы» атты қонаққа дәрісін оқып берді.

Мектеп оқушыларының жетістіктері мен алға қойған міндеттері ауыз толтырып айтарлықтай. Мәселен, бүгінгі күні олар әл-Фараби атындағы ҚазҰУ базасында әзірленіп жатқан «Әл-Фараби – 2» наножер серігін ұшыру жобасына қатысуда, лицей қабырғасында ұлттық спорттық робот техникасы бойынша республикалық жарыс өткізу жоспарлануда. Лицейдің 3D дизайнерлері Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасы нысандарының цифрлық форматтағы жобасын құруға кіріскен. Сондай-ақ олар Алматы қаласы маңайындағы бұлақ көздерінің су құрамын зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Мектепте оқушылардың телестудиясы жұмыс істейді. Олар «Бастау» атты алты сериялы мектеп сериалының бір сериясын, 3 деректі фильм түсіріп үлгерді. Мұның барлығы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ғылыми-танымдық бағдар беру, кәсіпке бағыттау мақсатында жүзеге асырылуда. Бала кезінен алдына нақты мақсат қоя білген, өзіннің қолынан не келетініне көзі жеткен жас ұландардың болашақта бұдан да зор жетістіктерге жетері сөзсіз.

**Дина ИММБАЕВА**

Болашақ – білімді жастардың қолында. Алматы қаласындағы Махатма Ганди атындағы №92 мамандандырылған мектеп-лицейдегі ерекше жиын барысында бұған тағы бір көзіміз жетті. Мектептің қамқоршылық кеңесінің кеңейтілген отырысы оқушылардың жобалық зерттеу жұмыстарын таныстырудан басталды. Ғарыш технологиясы, химия-биология өнеркәсібі және IT бағытында білім беретін мектепте ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де ерекше мән беріледі екен.

# Өнерлі өрге жүзер

Елбасы Н.Назарбаев «Рухани жаңғыру» бағдарламасында табысты ел болудың басты кілті білімде екенін айтқан болатын. Осы орайда лицей директоры Ерулан Жиенбаевтың айтуынша, ұстаздар өздерінің педагогтік әзірлемелері негізінде «Ұлттық инновациялық мектеп моделін» құру мақсатында жұмыс істеуде. Білім мен тәрбие беруде инновациялық тәсілді қолдану білім беру үдерісімен қатар оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға баса назар аударуды білдіреді. Оқу орны әзірлеген «Метатаным педагогикасы» оқушылардың қызығушылығы мен қажеттілігін негізге ала отырып, оларды жан-жақты дамытуға көздейді. Бұл жана мазмұндағы білім беру тұжырымдамасына да сәйкес келеді. Жаңа тәсілді жүзеге асыру барысында мектеп мұғалімдері 12 авторлық куәлікке қол жеткізгенінен өзін білдіретіндердің болашағы бар екенін көрсетеді.

Оқушылардың бойындағы шығармашылық қабілеті мен әлеуетін барынша ашуды мақсат тұтқан «Метатаным педагогикасы» қазірдің өзінде жемісін беріп отыр. Бұл мектеп білім беретін бағыттағы ғарыш, биотехнологиялар, ақпараттық технология және басқа салалардағы ізденістерден көрініс тапқан. Мәселен, химия пәнінің зертханасында оқушылар қонақтарға судың химиялық құрамын 18 көрсеткіш бойынша талдап берді. Оның ішінде судың кермектілігі, иондар мен металдар құрамы және т.б. денсаулық үшін маңызды көрсеткіштер бар. Сонымен, оқушылар жасаған Алматы қаласының барлық ауданындағы су құрамы талдамасына сәйкес, ең кермек және хлорид

ионы көп су Наурызбай ауданының құбыр суында болса, ең сапалы су Медеу ауданында екен. Ал дүкендерде сатылатын құтыдағы сулардың құрамы нормаға сәйкес болып шықты. Айта кетерлігі, зертханадағы аспаптар «Азия су» компаниясының демеушілігімен сатып алынған.

Сондай-ақ қонақтар қашықтықтан басқарылатын обсерватория, радиобайланыс (мектептің өз радиостанциясы бар), биология зертханасы, шахмат үйірмесі, әуемодельдеу және т.б. жобалармен танысты. Жуырда наурыз айындағы демалыс кезінде жоғары сынып оқушылары Оңтүстік Қазақстан облысына саяхат жасап қайтқан екен. Сапар барысында Арыстанбаб және Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен толығырақ танысып шыққан балалар мектепке оралған соң осы ескерткіштердің 3D моделін жасауға кірісіпті. Оқушылар жасаған 3Dүлгілер арқылы кез келген адам ескерткіштердің құрылысымен, тарихымен таныса алады. Және бұл жобалар еліміздің тарихи-мәдени мұрасын сақтау саласында да қолданыс табуы мүмкін.

Қонақтарды жылқы сүтінен балмұздақ жасаған оқушылар таңғалдырды. Аппак халат пен баскиім киген 6 сыныптың оқушы қыздары жаңа сауылған саумалды арнайы аппаратқа салып, крио әдісімен көз алдымызда балмұздақ жасап шығарды. Жылқы сүтінің емдік қасиеттерімен таныстырып, әсіресе, балалар үшін пайдалы екенін де айтып өтті. «Саумалды одетте кішкентай балалар ішпейді. Ал балмұздақта оның барлық қасиеттері сақталады. Сондықтан ол өте пайдалы» дейді кішкентай

## ЖАҺАННЫҢ ЖҮРЕК ЛУПІЛІ

### ШЫҒЫС КАВКАЗ

## Мемлекет басшысы сайланды

Әзербайжан халқы Мемлекет басшысын таңдады. Елдің Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Мазихер Панахов сайлау кезінде ешқандай заңбұзушылық тіркелмегенін, дауыс беруге 3 миллион 900 мыңнан астам адам қатысқанын атап өтті.



Төрағаның айтуынша, дауыс берушілердің 86,3 пайызы И.Әлиевті қолдаған. Президент сайлауына барлығы 900-ге жуық халықаралық бақылаушы қатысқан. Өз кезегінде олар да дауыс беру республиканың заңнамасына сәйкес өткендігін айтады.

Түркі кеңесінің өкілі Ержан Исақұлов: «Барлық учаскелерде сайлау бірқалыпты өтті. Сайлау комиссиясының мүшелері жұмысты тиянақты атқарды. Әзербайжан халқы өте белсенді түрде қатысып, өз таңдауларын жасалы. Дауыс берушілердің 80 пайыздан астамы қазіргі президент Ильхам Әлиевті таңдады» дейді.

Сайлаудың ерекшелігі – Мемлекет басшысы бұрынғыдай бес жылға емес, жеті жылға сайланған. Бұл 2016 жылы Конституцияға енгізілген өзгерістердің нәтижесі.

## ОҢТҮСТІК АМЕРИКА

## Саммит өтті

Перу астанасы Лимада Америкалар саммиті өтті. Екі күндік жиынға Америка елдерінің басшылары қатысып, АҚШ пен латын америкалық мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас, жемқорлықпен күрес және Венесуэладағы ахуалды талқылады. Саммиттің өтуіне «Америка мемлекеттері ұйымы» бастамашы болды.

Эквадор президенті Ленин Моренонның сегізінші Америкалық саммитке келуінен кетуі тез болды. Оның халықаралық жиыннан кетуіне бұған дейін елінде ұрланған журналистер мәйітінің табылғаны туралы ақпарат себеп болды. Тілшілер наурыз айының соңында Эквадор мен Колумбия шекарасында жоғалтып кеткен еді.

Бұған дейін саммитке АҚШ президенті Дональд Трамп та келмейтінін хабарлады. Ақ үй әкімшілігі бұл қадамды Сирияға қатысты жағдайды реттеу қажеттілігімен түсіндірген.

## ТАЯУ ШЫҒЫС

## Тексеріс жүргізілуде

Химиялық қаруға тыйым салу ұйымының мамандары Сирияның Дума қаласында тексеру жұмыстарын бастады. Ал Ресейдің Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы тұрақты өкілі Василий Небензя Сирияға қатысты шиеленіскен мәселені дипломатиялық жолмен шешпесе соғысқа әкелуі мүмкін деп алаңдауды. Ресейдің БҰҰ жанындағы тұрақты өкілі Василий Небензя: «АҚШ пен оның одақтастары тәуелсіз елдің билігіне қарсы әскери операция бастау туралы райынан қайтады деген үміттеміз. Бұл егемен елге ашықтан-ашық сес көрсету. Сирияда біздің әскеріміз бар. Оларды жергілікті биліктің өтініші бойынша кіргізгенбіз. Сондықтан жағдай мәз емес» дейді.

Қазір Ресейдің әскери полициясы Сирияның Дума қаласына кірді. Олар лаңкестерден азат етілген шаһардың тыныштығын күзетіп, қауіпсіздігін қадағаламақ. Думада химиялық қару қолданылды деген ақпарат тарағаннан кейін «Джейш аль-Ислам» лаңкестері қаладан кетуге келісім берген еді. Қазірде Шығыс Гуталдан олардың соңғы адамдары шығып жатыр. Жергілікті билік өкілдерінің хабарлауынша, аймақтағы жағдай тұрақталған.

## ЖОРЫҚ

## Таяу Шығысқа аттанды

АҚШ-тың «Гарри Трумэн» соққы беруші әскери-теніз тобы Норфолктағы базасынан шығып, Таяу Шығысқа аттанды. Ұшақ тасығыш кеме бастаған құрамда бірнеше эскадралық мино тасушы бар.



Оған Германия әскери-теніз күштерінің күзет кемелері де қосылуы мүмкін. Құрама Штаттардың әскери-теніз күштері басшылығының мәлімдеуінше, бұл әрекет жоспарлы жорық. Кемелер Үнді мұхиты мен Парсы шығанағы және Жерорта теңізіндегі 5-ші және 6-шы флоттардың әрекет ету аумағын бақылауда ұстамақ.

Бірақ айта кететін жайт, бұл соққы беруші топтың Таяу Шығысқа аттандырылуы Сириядағы жағдайдың шиеленісуімен тұспа-тұс келіп тұр. Себебі бұған дейін президент Дональд Трамп Дума қаласында химиялық қару қолданы деген айып пен Сирия үкіметінің әскеріне соққы беретінін мәлімдеген болатын.

Әзірлеген Бағдатұлы БАЛАУБАЕВА

«Қазақ газеттері» ЖШС және Серіктестікке қарасты басылмалардың еңбек ұжымдары белгілі журналист Рысбек Сәрсенбайұлына иісі

**РЫМБЕКТИҢ** қайтыс болуына байланысты қайыңына ортақтасып, көңіл айтады.



Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ

(Соңы. Басы өткен санды)

Жанша олардың біразын бұрыннан білетін, кей-бірімен енді білісіп, пікір алмасты. Юстиция саласындағы биік ресми мәртебесі мен көпшілікке баспасөз арқылы мәлім көзқарасы оны ұлттық қозғалыс жетекшісі деңгейіне бірден және дау-дамайсыз көтерді. Уақытша комитет облыс қазактары съезін дайындайтын ұйымдастыру бюросын құрды. Саясат істеріндегі жана әріптестері Жаншаны сол бюронның басына сайлады. Ол алда атқарылмақ істерді Петроградтағы орталық мұсылман бюросынан келген жалпы нұсқаулар мен ұсыныстардың негізінде тез нобайлады. Бюро мүшелеріне үйездерде жиналыс өткізіп, мәселені талқылау және облыстық съезге делегаттар сайлау науқанын жүргізу хакында міндеттер бөлді. Жалпы басшылық жасауды өз қарауына қалдыра тұрып, әр атқарылмақ жұмыс жайында түрлі ақыл-кенесін беріп отырды. Сосын съезге ұсынылатын басты құжатты — облыстың казактар өмір сүріп жатқан Жайық сыртындағы бөлігін басқару ережесін жасады. Құрылтайға үйездер мен болыстардан келгендер тура мына күлліресейлік жалпымұсылман съезіне жұртараптан жиналған делегаттар санындай еді. Оралдағы цирк үйіне сегіз жүзден аса өкіл сыйды. Солардың алдында уақытша казак комитетінің төрағасы Ғұбайдолла Әлібеков қысқаша құттықтау сөз сөйлеп, съезді ашты. Сосын құрылтайдың төрағалығына «осы күндері демалысына орай ел ішінде жүрген Том округтік соты прокурорының орынбасары Жаһаншаһ Досмұхамедовты» сайлау жөнінде делегаттарға ұсыныс айтты. Жұрт ду етіп, ұсынысты бір ауыздан қолдады. Сәуірдің он тоғызы күні талтүсте ашылған Орал казактарының құрылтайы төрт күн бойы жұмыс істеді. Делегаттар елдің басқарылу жүйесі жөнінде федеративтік демократиялық республиканы қолдады. Қазактарға міндетті түрде кең көлемде ұлттық-аумақтық автономия берілу керек деген қағидаға дауыс берді. Жанша бас болып, заңнамалық сипатпен дәйектеп жасаған Орал облысының Жайық сырты бөлігін басқару ережесін бір ауыздан қабылдады. Барлық күн тәртібіне шығарылған соғыс, сыртқы саясат, жер-су, оқу-ағарту мәселелеріне қатысты ұлттық мүддеге жауап бере алатын бекем шешімдер қабылданды. Жаһаншаһты бас етіп, атқарушы орган — казак комитеті құрылды. Сол жиында ол бір топ үзегіңселестерімен бірге осы бүкілресейлік мұсылман съезіне делегаттыққа сайланды. Яғни енді ол бұл жерде — Мәскеу құрылтайында — Орал казактарының ой-пікірін арқа тұтып, облыстық съезде қорытқан көзқарастарын қорғауға тиіс еді.

Сондықтан да Жанша мұсылман съезінде жарысөз басталысымен, алғашқылардың бірі болып, мінбеге шықты. Империя заңнамасына жетік заң қызметкері әм ұлт қайраткері білігімен казак жерінің отарлану тарихын шолды. Империяның ұлы дала тіршілігіне қатысты заңдардың сыны тұрғыда қарастырды. Қазактың мемлекеттік белгілерін түгел жоюға бағытталған пәрмендерді, жер-суды бөлшектеп, түрлі өкімшілік бірліктерге қарату, халықты өзінің атамекенінен қилы жолмен ығыстыру әрекеттерін делегаттар алдына айқара ашып тастады.

Түркі халықтары ішіндегі ең саны көп қалын көшпенді қазаққа мүлдем адам айтқысыз озбырлық жасап отырған ескі үкімет жойылған тұста, оның орнына келген жана мемлекеттік құрылым көне жолмен жүріп кететіндей болмауын ойлау керек, — деп, ол прокурор сабырымен ортаға салмақты ой тастады. — Шынайы демократия орнатады екенбіз, демек, кешегі отарлық дәуірде езілген халықтардың тарихи құқықтары қалпына келтірілуі қажет екеніне дау тудырмаған жөн. Қазак халқы өз жерінде тұтастанып отыр, ол тек империялық басқару жүйесіне күштінің құқымен зорлап кіргізілгендіктен ғана бөлшектеніп қалған және тиісінше, дамуы кенжелеген. Жана ахуалда оның аумақтық автономия алуы — тарихи қажеттілік болып отыр. Жерлік, территориялық өзін-өзі басқару құқығын жүзеге асыра отырып, казак елі федеративтік, парламенттік, демократиялық Ресей құрамына кіруге әзір болады...

Қазак халқының өз жер-суымен автономия құруы тарихи тұрғыда әділеттілік болмағын дәлелдей сөйлеген Жаһанша Досмұхамедов съезде салиқалы баяндама жасаған Мәмедәмин Расулзадені қолдайтынын, оның өте маңызды шартарабында өз тарихи атамекендерінде тіршілік кешіп жатқан жалпы саны отыз миллион мұсылман қазіргі кезде — отарлаушының құрсауы қаусаған, сөйтіп,

отарлық қамыттан азаттық алған тұста — өз елдік сипаттарын жаңғыртуға тиіс. Сол себепті Жаһаншаһ бүкіл халықтар өкілдерін Мұхаммед-Әминнің ұсынысына — жұрттардың ғасырлар бойы тұншыққан армандарына жауап бере алатын мемлекеттік түр ретінде ұсынған жобасына дауыс беруге барша құрылтайға қатысушыларды шақырады! Басқалар да осы рухта сөйледі. Үзілісте оны Өтеміс өткір де дәйекті сөзімен құттықтады. Петроградтағы белді журналистердің бірі, өзінің он шақты жылдан бергі жақсы дос-жолдасы Слава Преображенскиймен таныстырды.

Дұрысы дұрыс-ау, бірақ тап осы дұрыстықты қорғап шығу онай шаруа емес болатын. Жанша Досмұхамедовке дейін Ахмед Цаликовтың баяндамасын дамыта сөйлеген Ғаяз Исхаков тағы да мінберге көтерілді. Таусыла сөйледі. Өз көзқарасын дәлелдей түсті. Қайткенде Ресейдің біртұтас, унитарлық мемлекет болуы маңызды дегенді шегеледі. Ал ұлттық бірлестіктер тек мәдени автономия түрінде ғана дамуды қолға алса, өздеріне пайдалы болмақ, осыны, өкініштісі, біздің түркі тектес бауырлардың біразы ұқпай түрдеді. Құлды Жаншаны нысанаға алғандай болды. Ресейдің федерациялық жүйеде

казак халқының мұсылман болуына араларындағы орысша оқып, орыс тәрбиесін алғандар көп кедергі жасап жүр... — Мінбер жақтауына қолын тіреп тұрып, өз баяндамасындағы тұжырымын дәйектеп тұрған шешен казак әріптестеріне өкпесін одан әрі жайып салып жатты. — Олар осы уақытқа дейін казактарды татарларға жолатпауға тырысуда, — деді ол, — түсініңіздер, олар қандастарын татарда едәуір жақсы дамыған ілім-білімге жуытқылары келмейді! Тіпті татар молдаларының казак арасына барып жұмыс істеуіне де кедергі келтірмек боп әуреде тұеуде! — Шешен

кер әм жазушы Ғаяз. Тек унитаризм, бөлінбес біртұтас Ресей ғана казакты да, күллі мұсылман халықтарын да құрдымға кетуден құтқара алады дегені — оның құлай сенген ойы. Сондықтан казактың да, түркістандықтардың да, кавказдықтардың да мәселені терең байыптамай, жалан ұрандатуын қоштауға болмайды...

Кайратты шашын кері бір қайырып тастап, мінбеге Жаһаншаһ қайта шықты. Ол залға қасқая қарап тұрып, құрметлі Ғаяз Исхаков өпенді айтып тұрған келенсіздерге казак тек қана автономия алу арқылы тоқтау сала алады дегенді нығыздай айтты.

Әлимарданның сөзі, баяндамашы Мұхаммед-Әминнің өзі ұсынған негізгі қағидаларын қайтадан, басқа қырынан дәйектеуі, Жағырфардың Қырым тарихын тереннен қозғап, унитарлы, отаршыл да озбыр, біртұтас мемлекет құрамында қырымлы жұрты көрген маскаралықтарды тізбелеуі ешкімді жайбарақат қалдырмады. Не керек, федерациялық құрылым жағындағылар анық басымдық көрсете бастады. Сонда унитаристер серкесі ретінде Ахмед мен Ғаяз мінбеге кезек-кезек, қайта-қайта ұмтылды. Олар ендігі бір ретте Ресей мұсылмандарының бірлесуі керектігін айтты.



Мұхаммед-Әмин



Шәмси Асадуллаев



Сәлімгерей Жантөрин



Әлимардан Топчибаев



Ахмед Цаликов

# ЖАЛАУГЕР ЖАҒАНШАҒ

ТАРИХИ МИНИАТЮРА

Олар ашық-жарқын көңілмен емин-еркін пікірлесіп тұрды. Сол кезде Жаншаның жанына серіктерімен Бақытжан сұлтан Қаратаев та келді. Сәлімгерей сұлтан Жантөрин, Серәлі Лапин, Әлимардан Топчибаев бәрі жастардың саяси беттерін аға ұрпақ ретінде қадағалап отырғандықтан, ризашылықтарын білдіруге арнайы бұрылған екен. Орын алып тұрған ойжарыс ауқымын шолысты. Сосын: — Шындап келгенде, кешегі біртұтас империя ішінде автономиялық құрылымдар тууына үкімет жол бере қоймайды ғой деп ойлаймын, — деді карт күрескер Бақытжан Қаратаев, — бірақ мәселе жұрттың өз пікірін айқындауында...

— Неге олай ойлайсыз? — деді Серәлі Лапин наразы үнмен. — Революция заңы түбегейлі өзгеріске құрылады емес пе?..

— Нақты шындық, алайда түбегейлі өзгеріске — біз әңгіме еткендей нұсқаға — жол бермеу жағында. — Қаратаев қысық көзін сығырайтып, сөзін ойлана сабақтады. — Біліктегілер қай заманнан орыс мемлекеті ішінде сепаратизм туып кете ме деп қорқалды, ал ұлттық автономия құруға мүмкіндік беру — соған тікелей жол салатын шара. Үкімет өкілін тыңдалыңдар емес пе?! Кадет партиясының құттықтауын



Бақытжан Қаратаев жерлестер ортасында

құрылуын қалап, автономия аламыз деп отырғандар, қызығы, Ғаяздың ойынша, соншалықты жеткілікті дамып қоймаған халықтардың өкілдері көрінеді. Ресейдің біртұтас болуы маңызды деп шегелей түсті ол. Ұлттық бірлестіктердің мәдени автономия алуы жеткілікті, солай даму ұлттар үшін пайдалы, мұны түркі тектес бауырлар ұқпай түрдеді. Федерациялық жүйе құрылуын қалап, автономия аламыз дегендер — дамуы кенже халықтардың өкілдері деді тағы да. Сосын Аяз казактардың, түркістандықтар мен кавказдықтардың «жаппай надан болуы» себепті олардың болашағына сенбейтінін ашықтан ашық жария етті. Қазактардың бірлі-жарым көзі ашықтарының осы құрылтайда автономия аламыз деуі сол жолдың халқына қолайлы және дұрыс болары кәміл дегенді білдірмейді, керісінше, автономия алса — олардың халқы бұрынғыдан да бетер сорлайды деді.

— Өйткені патша уақытындағы ақсүйектер билікті қайтадан қолдарына шоғырландырды, — деп дәйектеп жатты ол пікірін. — Хан тұқымдары, қарадан шыққан өзге де бас адамдар қайтадан атқа қонады. Сөйтіп, қазаққа күні кеше патша өкімшілігі жүргізген зорлықты енді өздері жасайды. Оларды ондай озбыр қылқатқан имандылық ұстаған болар еді, бірақ олар шын мәнінде мұсылман да емес, — деп, Исхаки сөзін күрсіне сабақтады. — Олар өздерінің дінсіздігімен қоймай, мұсылманшылық казак арасына тарап кетпесін деген пығылмен, өз қандастарын діннен айыру үшін жан-таласуда. Олардың қатарында осындай сөйлегендер де, жиянға келмегендер де бар. Ашығын айту керек,

— Ал егер Ресей бұрынғысынша біртұтас та бөлінбес мемлекет болып тұрса, казактың атамекеніндегі жер-суды орталық билік түрлі желеумен кесіп алуды жалғастыра береді, — деп сабақтады Жанша сөзін, — бұған ұлы даланың отарлану тарихынан хабардар кімде-кім шөк келтірмес деп ойлаймын... — Сәл тыныстап, залға ойлана қарады. Жұрттың ынтыға тыңдап отырғанын байқады. Сосын ақырын үнмен былай деп қосты: — Мырзалар, Ғаяз мырза шошындырып тұрған орыстанудың көкесі сонда болады. Естеріңізде болсын, казактар — Ресейдің шегінде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының ең саны көбі... Соның өзі тілі мен ділінен айырлудың алдында тұр. Ал өктем де билеуші ұлтқа сіңісіп, жұтылып кету қаупі казак түгіл, аз ұлттардың қай-қайсысына да төнгелі қаш-шан! Сондай қатерден қазіргі ахуалда империядағы отар жұрттарды тек автономия алу мүмкіндігін пайдалану ғана құтқара алады.

Ол ойын осылай бір тұжырып тастады да, казак тыныс-тіршілігіндегі дәстүрлі экономика мен оны дамытудағы кедергілер жайында әсерлі әңгімеледі. Қазакка кезінде империя қилы әдіспен жойған елдігін жаңғырту қажет деп мәлімдеді ол тағы да. Оған қазір қолайлы сәт туғанын айтты. Елдігін жаңғырту арқылы казак тарихтағы өз орнын ала алады, өзіне жасалған тарихи қиянатты жойып, әділет орнатады. Мұны тек саяси қайраткер ғана емес, үлкен жазушы, халқының ұлттық мүддесін тереңнен ойлай алатын Ғаяз Исхаки мырза анық білуге тиіс. Сөйте тұра оның кешеге дәйегін баршамаңызды өктем озбырлық көрсетуімен, аяусыз қанауымен ренжітіп келген унитарлық мемлекетті тағы да жаңғыртуға қолдайтыны қалай? Бүгінгі азаттыққа қол жеткен ахуалда, болашақ мемлекеттік құрылым жолын тандау сәті туғанда да, оның тап сол бұрынғы біртұтас империяны басқаша атаумен сақтау жағында тұруы Жаһанша Досмұхамедовке бек түсініксіз. Мойындасын Ғаяз мырза, барша унитаристер де бір сәт қолдарын жүректеріне қойып ой жүгіртсін: күні кешеге дейін отар болып езіліп келген әр түркі жұрты енді мойындағы бұрынғы қамытты сыпырып тастап, өзімен өзі болуды ансайды. Қай-қайсысының да күмәнсіз сенетіні — өз ошағын қорғау арқылы, өз елдігін қалпына келтіру арқылы басқа қарындас халықтармен тең дәрежеде қол ұстаса алады. Өз шанырағының түтінін түзу шығару арқылы ортақ имандылық, адамгершілік мұраттарға жете алады...

Қызына сөйлеп, жана Россияның федерациялық сипатта құрылуына дауыс беруге шақырған федералист Жаншаны қолдаушылар көбейді. Жалпы мұсылман қозғалысының әр кезгі мақсаттарын жаңғырта отырып, бүгінгі таңдағы міндетті туындатқан

— Ал егер Ресей бұрынғысынша біртұтас та бөлінбес мемлекет болып тұрса, казактың атамекеніндегі жер-суды орталық билік түрлі желеумен кесіп алуды жалғастыра береді, — деп сабақтады Жанша сөзін, — бұған ұлы даланың отарлану тарихынан хабардар кімде-кім шөк келтірмес деп ойлаймын... — Сәл тыныстап, залға ойлана қарады. Жұрттың ынтыға тыңдап отырғанын байқады. Сосын ақырын үнмен былай деп қосты: — Мырзалар, Ғаяз мырза шошындырып тұрған орыстанудың көкесі сонда болады. Естеріңізде болсын, казактар — Ресейдің шегінде өмір сүріп жатқан түркі халықтарының ең саны көбі... Соның өзі тілі мен ділінен айырлудың алдында тұр. Ал өктем де билеуші ұлтқа сіңісіп, жұтылып кету қаупі казак түгіл, аз ұлттардың қай-қайсысына да төнгелі қаш-шан! Сондай қатерден қазіргі ахуалда империядағы отар жұрттарды тек автономия алу мүмкіндігін пайдалану ғана құтқара алады.

Ол ойын осылай бір тұжырып тастады да, казак тыныс-тіршілігіндегі дәстүрлі экономика мен оны дамытудағы кедергілер жайында әсерлі әңгімеледі. Қазакка кезінде империя қилы әдіспен жойған елдігін жаңғырту қажет деп мәлімдеді ол тағы да. Оған қазір қолайлы сәт туғанын айтты. Елдігін жаңғырту арқылы казак тарихтағы өз орнын ала алады, өзіне жасалған тарихи қиянатты жойып, әділет орнатады. Мұны тек саяси қайраткер ғана емес, үлкен жазушы, халқының ұлттық мүддесін тереңнен ойлай алатын Ғаяз Исхаки мырза анық білуге тиіс. Сөйте тұра оның кешеге дәйегін баршамаңызды өктем озбырлық көрсетуімен, аяусыз қанауымен ренжітіп келген унитарлық мемлекетті тағы да жаңғыртуға қолдайтыны қалай? Бүгінгі азаттыққа қол жеткен ахуалда, болашақ мемлекеттік құрылым жолын тандау сәті туғанда да, оның тап сол бұрынғы біртұтас империяны басқаша атаумен сақтау жағында тұруы Жаһанша Досмұхамедовке бек түсініксіз. Мойындасын Ғаяз мырза, барша унитаристер де бір сәт қолдарын жүректеріне қойып ой жүгіртсін: күні кешеге дейін отар болып езіліп келген әр түркі жұрты енді мойындағы бұрынғы қамытты сыпырып тастап, өзімен өзі болуды ансайды. Қай-қайсысының да күмәнсіз сенетіні — өз ошағын қорғау арқылы, өз елдігін қалпына келтіру арқылы басқа қарындас халықтармен тең дәрежеде қол ұстаса алады. Өз шанырағының түтінін түзу шығару арқылы ортақ имандылық, адамгершілік мұраттарға жете алады...

Қызына сөйлеп, жана Россияның федерациялық сипатта құрылуына дауыс беруге шақырған федералист Жаншаны қолдаушылар көбейді. Жалпы мұсылман қозғалысының әр кезгі мақсаттарын жаңғырта отырып, бүгінгі таңдағы міндетті туындатқан

Әлимарданның сөзі, баяндамашы Мұхаммед-Әминнің өзі ұсынған негізгі қағидаларын қайтадан, басқа қырынан дәйектеуі, Жағырфардың Қырым тарихын тереннен қозғап, унитарлы, отаршыл да озбыр, біртұтас мемлекет құрамында қырымлы жұрты көрген маскаралықтарды тізбелеуі ешкімді жайбарақат қалдырмады. Не керек, федерациялық құрылым жағындағылар анық басымдық көрсете бастады. Сонда унитаристер серкесі ретінде Ахмед мен Ғаяз мінбеге кезек-кезек, қайта-қайта ұмтылды. Олар ендігі бір ретте Ресей мұсылмандарының бірлесуі керектігін айтты.

— Патша тақтан кетіп, империя дағдарыста тұрғанда, мұсылмандар үшін батыс пен шығыс мәдениетін қоса сініруге қолайлы дәуір туды, — деді бірі.

— Мұсылмандардың бірлікке қол жеткізуінің маңызы зор, — деді екіншісі. Қай-қайсысына да мәлім, Ахмед мұны орталықтағы саяси партиялардың жұмыстарына араласып жүргендіктен мүлдем анық біледі, бүгінде орыс адамдары көп партияға бөлініп алған. Олардың ортақ мақсаттарын бірлесіп айқындаулары да, өзара тіл табысулары да қиын. Себебі бағдарлары сан түрлі. Осыны жадтарында мықтап ұстаған жалпымұсылман съезінің делегаттары... Ахмедтің пайымын Ғаяз үстемеледі. Ол да орыс адамдары алауыз болып сан партияға бөлініп тұрғанда, ісі мұсылманның бір болуы маңызды екенін баса айтты.

— Біздің баршамызға бұрынғыдан да жақындасып, тұтасуға тырысу керек. — деді ол. — Сонда ғана орыстың заң шығаратын мекемесінде бүкіл мұсылман мүддесін ұтымды қорғауға болады...

Бүкіл мұсылман мүддесі... Өтеміс аға деп құрметтейтін татар қаламгері және мұсылман қозғалысының беделді қайраткері Ғаяз Исхаки казак оқығандарын сынауын енді осындай ұранға ұластырды. Өз ұсынысының дұрыстығын дәлелдеу жолында ол казак қарындастарына сенбестік көрсетуін жасармай айтқаны өз алдына, енді басқа бір үгітке көшкендей. Бәрібір астарында казактың федерацияшылығына қарсылығы көзге ұрып тұр. Обалы нешік, Орынбордан келген делегат, баспагер және мерзімдік басылым редакторы Мұхаммед-Фатых Каримов мырза жарысөзге шығып, казак пайдасына біраз сөз айтқан. Сондай-ақ лауазымды сангер Жаһаншаһ Досмұхамедов те мінберге бірнеше рет шығып, қалай дәлелді сөйледі. Бәлкім, сондықтан да Ғаяз мәселеге енді басқаша қырынан келген шығар. Өйтсе де...

Өтеміс күрсінді. Ғаяз мырзаның ой-пікірлері бас қауашағы ішінде небір сұманданған ой толқындарын туғызған. Өкініштісі, бүкіл мұсылман мүддесі түгіл, бүтін казак мүддесі хакында казак оқығандары ой біріктіре алмағанына куә ғой Өтеміс. Олардың іс-әрекеттері осынау татар саяси қайраткері әм қаламгері Аяз Исхаковтың назарына ілікпей қалмаған да... Бірақ бұл сонша дабыралатын нәрсе ме еді... Өтеміс іштей Ғаяз Исхаков ағасына өкпеледі. Артында ойға қалды. Қанша өкпеленгенмен, оның айыптауларының жаны да бар екені анық... Зиялылар ішіндегі өзі білетін, казак азаттық қозғалысының көпшілік мойындаған кос серкесінің — Бақытжан Қаратаев пен Әлихан Бөкейхановтың — жұлдызы жараспауы көпке аян еді, соның жайына Өтеміс кинала ой жүгіртті...

...Өтеміс санасында атойлаған естеліктерді сейілтп, Асадуллаев Үйінде өтіп жатқан мұсылман съезіне оралды. Мұнда, міне, казак қайраткерлерінің кемшілігін ашып айтқан шешенге тойтарыс берген жас күш көрінді. Жаһанша Досмұхамедов. Жанша. Ол өзінің заманауи көзқарасымен талайдан озық екенін танытты. Оны күлліресей мұсылмандарының құрылтайы мойындап отыр...

Съезд барша Ресей мұсылмандары одағының атқару комитетін (Исполнительный комитет союза мусульман России) жасақтады. Құрылтай Жаншаны мұсылман атқару комитетінің мүшесі, одан, атқару төрағасының орынбасары лауазымына сайлады. Бұл жайта Өтеміс қатты қуанды. Іс-әрекетке, көзқарастағы қайшылықтарымен өкпелетіп тұрған кос серкенің кемшілігін жөндөйтін, оларды ортақ парыз арнасында табыстыратын тұлға табылды деп қуанды. Бүкіл мұсылман әлемі құрылтайында жарқ етіп көзге түсіп, ерекше беделге ие болған тұлға. Жанша Досмұхамедов. Ертең Икомсу жана құрамымен Питерге аттаналды. Сонда тұрып тұрақты қызмет атқаруға барады. Яғни Өтемістің Жаншаман көбірек пікірлесуге мүмкіндігі болады. Демек, көңілді қобалжытқан мәселені әлі талай мәрте бірте талқылайды. Олар барша мүдделі азаматтармен бірлесіп, сөз жок, пайдалы ой қорытады. Қолайлы шешімге келеді. Елім деген ерлер үшін алда небір саяси мүмкіндіктер ашылып тұр емес пе...



ОЙТОЛҒАМ

БІЛІМ

Бауыржан ЖАҚЫП, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор

Ауыз әдебиетінің асыл маржандарынан бастау алған қазақ поэзиясының көш керуені жаңа ғасырға қадам басты. Қоңыраулаған қазақ жыры – бүкіл халқымыздың байлығы. Десек те, сол қара өлеңге рух бітіретін, өткірлік дарытатын, тың көркемдік құралдармен безендіретін, аста-төк асқақ сезіммен қуаттандыратын ақындарымыз бар. Солардың бірі – Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлықтың лауреаты Рафаэль Ниязбек. Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін Қазақ радиосында, «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» баспасында қызмет істеген Рафаэль ақынның «Келер күндер», «Қаратау мен Алатау», «Темірқазық», «Жер жанары», «Биіктей бер, тауларым», «Тамұқ отына жанбаған», «Шешендер», «Күркіреп өткен күндерім», «Қан қасап», «Махамбет майданы», «Айбозым менің», «Кемеңгер», «Қағанат», т.б. бірнеше жыр кітаптары, «Отағасы», «Қаңтар», «Жауатар», «Қызыл үй», «Тас құдай» прозалық кітаптары оқырман жүрегіне әр жылдары жол тартты.



АҚ СЕМСЕР ақын

Құлашам да құшақ ашқан – бір көктем. Санлақтанған Сарыарқам да – бір көктем. Қара бура Бурабайым – бір көктем. Қаз мойынды қазанаттарым – бір көктем.

Асыл ойлы азаматтарым – бір көктем. Ақын туған аналарым – бір көктем, Арман қуған балаларым – бір көктем... – деген қуылып түскен жолдардан көктемдей шуақты да нұрлы казак пейілі көрінеді. Осындағы «бір көктем» сөзінің қайталанып отыруы, өлеңнің ішкі қуатын арттыра түсіп, оның поэтикалық тұтастығына гармониялық үйлесім бітіреді.

Күйім менің – Дирменнің асты да – тас, үсті де – тас, Тартылғанда жаншылмай кім шыдады? Қу тамақтың ырзығы – тылсым өні, Арасынан аппақ боп ұн шығады, – деп келетін «Дирмен» өлеңі ерекше пішінмен жазылған, әрі тосын ой, соны түйінге құрылған. Небәрі екі-ақ шумақтан тұратын осы өлеңде өмір философиясы жатыр. Нан табуға ұмтылып, жанкештілікпен өзін заман қыспағында құрбан ететін көп адамның тағдыры туралы толғаныс бұл.

«Ақ боз үйді өзіме қайтар енді» деген жырında ақын ғұмырбаянының белгісін парактары ұлттық дәстүрге адалдықпен қабыса ашылады.

Жанарында жаркылдап жұлдызды арман, Жаратылған жан еді шын, құздардан. Аштық жылы ауғанда... Бір киіз үй Алып келген жан әкем қырғыздардан.

Жас шағында от кешкен, жалын кешкен, Жан әкемнің сұм соғыс бағын кескен.

Қала берген шырқырап киіз үйде, Қырқасына көк мұнар сағым көшкен.

Керегесін – қанатын өрге керіп, Дулығалы кеудесін желге беріп, Алты қанат киіз үй тұрушы еді, Құндыз бөрік секілді дөңгеленіп.

...Жанарының сөнгенде оты кетіп, Керегесін жақтың ба отын етіп? Жақын болып дүние туыстыған Туырлығын кестің бе тоқым етіп? – деп қара өлеңмен әдемі нақышталған ойлар бірде ұлдың өзі көрмеген әкесіне сағынышының көз жасы боп төгілсе, бірде қазактың киелі киіз үйіне, ата-дәстүріне, баба салтына адалдықтың нұры болып құйылады.

Р.Ниязбек поэзиясындағы шоқтығы биік шығармасы – оның аты шулы «Шешендер» поэмасы. 1996 жылы «Жібек жолы» баспасынан шыққан бүкілжазын алғы сөзінде Қазақстанның Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов: «Рафаэль ақын ер-дастанын жазу үстінде өзі де енірген ерге айналып кеткендей көрінеді. Қандай ой айтпасын, жасқанбай батыл суреттейді. Жұмыр

басын қатерге тігіп сөйлейді... мүмкін бұл егемендік алып, еңсе көтерген елінің арқасы шығар, кім біледі. Әйтсе де ақылда мінез болмаса, бұлай ағынан жарылып ашық айту қайда?!

Рафаэль, бірақ ер-дастанында жауынгер ел – шешенді туын желбіретіп жырлағанмен ұлы орыс халқына тіл тигізіп жазғырмайды. Қайта аға жұрттың мұнын жоқтап, шешен халқымен бірге азап, қасірет шегіп пұшайман жалге ұшырағанын ашына суреттеген. Шешен сарбаздары ажал құшса, олардың да боздақтары қыршынынан қиылып жатқанын нанымды сипаттаған... Бұл дастан шешен халқының шындық шежіресіне қосылған үлкен үлес!» деп жоғары баға беріпті.

Шын мәнінде, жүректен шыққан жыр ғана жүрекке жетеді. Дәл осы «Шешендер» дастанында Рафаэль ақынның бүкіл қаламгерлік қуаты, асқақ сезімі мен кең ауқымды ақыл-парасаты, шеберлік иірімдері мен көркемдік қабілет-қарымы барынша мол көрініс тапқан. Бұл сонысымен де қазақ эпикалық поэзиясының өзгеге ұқсамайтын өзіндік бір үлгісі ретінде ұлттық жырмыздың тарихынан орын алатын кең тынысты поэма екендігін айтуымыз керек. Бұл поэма туралы күні кеше арамыздан аттанып кеткен, қазақтың біртуар ақыны Есенбай Дүйсенбайұлы: «Ақиқат алыстаған заманда өмір сүріп отырмыз. Жағымпаздық пен жалғандық, өтірік мақтау өріс алды. Рафаэльдің бүкіл шығармашылығын бір сөзбен «Рух қашып кеткен заманда» «Рух шақыру

енбекқорлығының, қамшы салдырмайтын ақындық талантының көрінісі. Ақын қаламынан кейінгі кезде туып, оқырман жүрегіне жол тартқан «Кемеңгер» өлең-романы туралы сөз бөлек. Бұл жинақта аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, академик, үш дүркін Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жырмен бейнесі сомдалған.

Рафаэльдің бұл кейінгі жыр кітабы қазақ халқының біртуар тұлғалы азаматы Димаш Ахметұлына көрсетілген ел құрметіндей әсер етті бізге. Ақын сол елдің ойын жүрегінен өткізіп, жыр шумақтарына шебер айналадыра білген.

Ақын қаламынан кейінгі кезде туып, оқырман жүрегіне жол тартып отырған «Нұрлы таң» атты Елбасы жайлы өлең-дастан кітабы туралы сөз бөлек. Бұл жинақта Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жырмен бейнесі сомдалған.

Барлығы жетпіс өлеңнен құралған біртұтас бұл еңбекті Президент Н.Ә. Назарбаев туралы жазылған портреттік поэма деуге толық негіз бар.

Тұңғыш Президентіміз алғаш ант бергенде, құлап бара жатқан Көк туымызды шалт қимылдап Елбасының ұстап қалғаны күні бүгіндей елдің көз алдында. Сол сәтте қазақтың көзіне жас үйірілгені де анық. Шын мәнінде Елбасы құлап бара жатқан Көк байрақты ғана емес, шаңырағы шайқалып бара жатқан мемлекетімізді, елдігімізді, тәуелсіздігімізді ұстап қалғандай әсерде болғанбыз. Міне, осы бір естен кетпес,



ТҮЛЕКТЕР БАСТАМАСЫ

Алматы технологиялық университетінің түлектері «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты II форум өткізді. Аталған форумға университеттің әр жылдардағы түлектері – қазіргі өндірістік компаниялардың басшылары, мемлекеттік органдар өкілдері, жеке кәсіпкерлер, қоғам қайраткерлері қатысты.

Түлектер форумын өткізудің негізгі идеясы – университет пен түлектер арасындағы байланысты нығайтып, АТУ түлектері қауымдастығымен бірлесіп еңбек етуге, университет құндылықтары мен имиджін қолдау, кәсіпқойлар мен энтузиастар қоғамдастығын құру, бірлескен жобалар жасау.

Іс-шараны Алматы технологиялық университетінің бірінші проректоры Б.Нұрахметов құттықтау сөзбен ашты. «Біз түлектерімізбен мақтанамыз. Осы жылдар ішінде университет елу мыңнан астам білікті маман дайындады. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етіп, ел экономикасын дамытуға үлес қосуда. Университеттің еліміздің ең мықты бес техникалық жоғары оқу орнының қатарында саналуы біздің жетістігіміз» деп жиналғандарға алғыс білдірді.

Жиын барысында қатысушылар

АТУ түлектерінің қауымдастығы мен Қамқоршылық Кеңесінің бастамасымен құрылған «Эндаумент АТУ» корпоративтік қорының жұмысымен танысты. Қордың қаржы ресурстары талантты жастарды, ғылыми зерттеулерді, әлеуметтік жағынан осал топтарды қолдау және басқа да маңызды мақсаттарға жұмсалды. Форум аясында «Өз жолыңды таңда!» атты Түлектер жәрмеңкесі өтті. Жыл сайын өтетін жәрмеңке – университет пен жұмыс берушілер арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынастың жемісі. Мұнда қалалық Жұмыспен қамту орталығының мамандары арнайы келіп, бос жұмыс орындарымен таныстырып, студенттерге «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасы ұсынған мүмкіндіктер туралы кеңінен мәлімет берді.

Б.МУРАТҚЫЗЫ

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

Құрылыс мекемесінің алдына жұмысшылар күнде таңертең жиналады. Көктем. Ауадан дымқыл иіс сезіледі. Кешке қарай мұз боп қатқан көлшіктер сәске түске қарай күн сәулесімен ери бастады. Тау етегіндегі қар аралдары күн сайын кішірейіп барады. Алыстан қарағанда қанатын сермеп ұшып бара жатқан құстарға ұқсайды. Жиналған жұмысшылардың ішінде қаржыдан қиналып, автобусты тәлейтін жолақыны көршілерінен қарыз алып келгендер де бар.

АШУ мен АҚЫЛ

Жарты жыл бойы еңбекақысыз жүру кімге оңай тиісін. Темір қақпа жабық. Олар сатырлатып қаққанда, ар жағынан талтанды басып күзетші келді. Қолында рация:

- Бастық қайда? – дейді жұмысшылар.
– Жок, білмеймін, – дейді күзетші.
– Кенсе жабық.
– Неге білмейсің? – деді Қабен.
– Қой Қабен, тыныштал, – деді Токтархан. Ол осылардың ішіндегі ең сабырлы да үлкені. Былтыр жазда арыз жазып, кол жинап жүріп, үш айлық еңбекақыларын алғызған. Оның айтқанын көпшілік тындайды, занды тәуір білетіндері де – сол.
– Жігіттер құр айғайдан түк шықпайды, оңанда адвокатпен кенесіп, сотқа берейік. Ал жұмысты басқа жерден іздейік, – деді Токтархан.
– Бұның дұрыс, – деді Саттай қолдап.
– Айтпақшы Айтан көрінбей жүр ғой, – деді топ ішінен біреу.
– Ол менен бес мың теңге қарыз алып еді.
– Менен де қарыз алған, – деді топ ішінен тағы біреулер.
– Менен он мың теңге қарыз алған, өзі қашып жүрген жок па? – деді Қабен сол баяғы қызқандылыққа басып.
– Тыныштал, Қабен, – деді тағы да Токтархан.
– Қарыз алып-алып, үйінде тығылып жатқан шығар, – деді Саттай.
– Менде бір ұсыныс бар, – деді топ ішінен біреу.
– Қандай ұсыныс?
– Ол кімнен қарыз алды, солар бірігіп, үйіне барайық.
– Дұрыс айтасын.
– Онда кеттік. Жұмысшылар жиылып автобус аялдмасына барды. Төртінші саяжай біршама алыста. Күн көтеріліп, жылы бастады. Жер бусанып жатыр. Бұл жұмысшылардың көбі ауылдағы бос сенделістен қашып қалаға келгендер. Айтанның үйін Қабен білетін. Топты сол бастап жүр. Ашулы. Тар көшелі саяжайдың балшығы тілеректен келеді. Абалаған иттердің дауысы естіледі. Кейбіреулері бұл әрекеттеріне өкініп-ақ келеді. Бұлар балшық кеше жүріп, бір жұпыны үйге келді. Аула іші таза. Жалпы Айтан жұмысқа жақсы, еңбекқор. Сөзінде тұратын жігіт болатын. Токтархан оның осынша жұрттан қарыз алып, бермей қашкалақтап жүргеніне танырқап қалған. Өзі басып, тіпті бұл жерге келмес еді. Тек Қабен бірдене бүлдіріп жүрмесін деп қана жанына еріп келген. Аулаға кірген соң Токтархан топты бастап ішкі есікті ашты. Бөлме іші ала

көленке. Төсек үстінде карт ана жатыр. Ауыра ма екен, орнынан әрең тұрды.

- Жоғары шығыңдар, – деді үлкен кісі. Бәрі келіп, жерге жайылған алашаға тізе бүгісті. Қабен бірлеме дей беріп еді, Токтархан қолымен белгі беріп, басып тастады.
– Апа, сіздің көніліңізді сұрауға келіп едік, – деді Токтархан. Жігіттер Токтарханның тапқырлығына танырқап қалды.
– Рақмет, қарақтарым, – деп көзіне жас алды. – Бұл үйге тірі адамның басын сұқпағанына талай уақыт болды. Менің шарасыз жағдайым – мынау. Айтанның киналып жүргенін білем. Өзі жұмыссыз. Бар табысымыз – менің зейнетақым. Бірақ ол менемге жетеді. Ақшан жоқ болса, дәрігерлер қарамайды екен.
Ана көзіне жас алды.
– Апа, жағдайыңызды түсініп отырмыз. Көмек жасар едік, бірақ біз істеп жүрген құрылыс мекемесі ақшамызды бермей, сандалып жүрміз, – деді Токтархан.
– Қарақтарым, балам қашан да сіздерді мақтайды да отырады, – дей бергенше есік ашылып, Айтан кіріп келді. Өзі қарыз алған жігіттерді көріп, жүрегі зырк ете түсті. Тіпті тұтыға амандасты. Аяғына біреу із темір байлап қойғандай, орнынан қозғала алар емес.
– Қарағым Айтан, сенің шешен науқастанып қалғанын естіп, құрылыстағы әріптес жігіттер көңіл сұрауға келді, – деді Токтархан. Бұл сөзге Айтанның танырқап қалғаны сонша, қолындағы апасына алып келген дәрісін түсіріп ала жаздады.
– Қарағым, жолдастарың менің көңілді сұрауға келген екен, шай кой, дәм таып кетсін, – деді кейуана.
– Шай ішіп отыруға уақыт жоқ, апа! Рұқсат етсеніз, біз кайтайық.
– Қарақтарым, қуыс үйден күр шықпа деген, болмағанда нан ауыз тиіп кетіңдер!
– Рақмет апа!

Олар сыртық шыққанда күн қызы бастаған. Құстардың сайраған дауысы естіледі. Жігіттерді шығарып салуға Айтан да шықты.

– Ал, Айтан, жұмыс табылып жатса, саған да хабар береміз. Апаңның тезірек сауығуына тілектеспіз. Сен бізге ештеңе қарыз емессің, – деді Токтархан сөзін нығарлай естіріп. Айтан жігіттер үйінен ұзап, бұрылыстан айналып кеткенше сонынан қарап тұрды. Ең алдырында жүрген Қабен жанындағыларға қолын сермей, қызбалана сөйлеп бара жатты. Айтанның көзіне жас үйірілді. Бұл толқынның асыры ма екен?..

Жеңісхан КЕНЕСАРИН



АТАМЕКЕН

ҚҰРАҚ КӨРПЕ

ЕҢ...ЕҢ...

Өмірде талай қызық бар

Еуропа халқы дүниежүзіндегі ең «көрі» халық екен. Қазірдің өзінде Еуропа елдерінде тұратын адамдардың 9,8 пайызынан астамының жасы 65-тен асқан.



Мамандардың есебі бойынша алдағы уақытта бұл жастағылар барлық халық санынан 13,1 пайызға жетеді.

Үндістан ғибадатханаларының біріндегі мұнара мен күмбез алтынмен жабылған. Оған кеткен алтынның жалпы салмағы 800 келі екен.

Ең ауыр ақшаны шведтер пайдаланған. 1559 жылы олар шығарған металл ақшалардың әрқайсысы 17,5 келі салмақ тартқан.

Машинистканың саусақтары күн сайын 20 километрлік аралыққа «жүгіреді».

ЖАСЫРДЫМ ЖҰМБАҚ

Сөйлете білсең,  
Ән салады,  
Ұқпастан тілін,  
Мұң шағады.

(әниглогияны)

ҚАЙТАЛАП КӨРҢІЗ

Досқа босқа қарама,  
Босқа досқа бара ма?  
Дос та босқа қала ма?..

Дәметкіштің тамағы іскіш,  
Дәметкішке тамақ ішкіз.

ХАЛЫҚНАМА

Әлем халқының саны қанша?



Жиырма бірінші ғасырда дүниежүзі халқы шапшаң көбейіп, қалалардың сипатының өзі өзгерді. Халқы онша көп емес, тыныш қалалардың орнына алып қалалар шықты.

БҰҒЫ-ЖЫҒЫ ТЫҒЫЗДЫҚ, атмосфераның ластануы, у-шу, көшелердегі қым-қуыт, машиналардың иіс-газдары алуан түрлі ауруларға шалдықтырып, асқандырады. Кейбір психиатрлардың пайымдауынша, бұларға келіп қаралушылардың 81 пайызы «үлкен қалалардың синдромы» дегенге шалдыққан, мұның негізгі белгілері адамның еңсесі түсуі, психикалық орнықсыздық, соқтықпа ұрыншақтық. Ауасы әбден ластанған ірі қалаларда әрбір бесінші кесел-ауру айналадағы ортаның ластануынан болады, онкологиялық және жүрек-тамыр ауруларының 15 пайызы да осыған байланысты.

Жалпы қазір әлем халқы жылдам қарқынмен өсуде. Мәселен, 2011 жылдың күзінде әлем халқы 7 миллиард болса, биылғы жылдың наурызында жұмыр планетаның тұрғындары 7,6 миллиардтан асып түсті. Жақын арада, 4-5 жылдан кейін 8 миллиардқа да жетпекші.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Кітап мұқабасы

Біздің алдымызда кітап жатыр. Ең алдымен оның мұқабасы көзімізге түседі. Оның қатты да, жұмсақ та болуы мүмкін. Жұмсақ мұқаба жай қағаздан жасалады. Ежелгі кезде мұқабалар сыртына алтын жалатқан сафиан былғаулардан жасалды екен.

Өте құнды кітаптардың мұқабасы металл тиекшелермен бекітіліпті. Кейбіреуінің бұрыш-бұрышы беріктік үшін әлгіндей металл тақшалармен көмкеріліпті. Осы заманғы кітаптарда кейде мұқабаның сыртына сурет салынып, шығарманың, автордың аты-жөні жазылған қағазқап кигізіледі, ол суперқап деп аталады. Енді кітапты ашып көрейік. Сол жақта – мұқабаның ішкі жағы, он жақта – кітаптың бірінші беті. Бір-бірімен жалғасып тұтас жатқан осы екі парақ форзац аталады. Дәл осындай форзац кітаптың аяқ жағында да болады. Оған сурет салынуы да мүмкін, сурет салынбай бос жатуы да ықтимал. Тағы да бір бетті ашып көрейік. Сол жағында – фронтиспис, он қол жағында – титул. Бұл не деген сөз? Фронтиспис – кітаптың ең басты мазмұнын ашатын сурет. Оның орнына кейде жазушының өз портреті берілуі мүмкін. Ал титулге кітаптың аты, қай баспада басылғаны көрсетіледі.

ӨСІМДІКТЕР ӨЛЕМІ

Жарық шығаратын саңырауқұлақ

Ағаштардың шіріген бөлігінің жарық шығаратынын Аристотель де ескерткен. Ал Плиний мұндай қасиет кейбір ағаштардың бұтақтарында өсетін саңырауқұлақтарда да бар екенін айтқан.



Сондай өзгеше саңырауқұлақтардың бір түрі Бразилияда өседі. Сол пальмалардың біріне жабысып тұрып, құбылмалы жасыл сәулесімен ерекшеленеді. Кейбір субтропиктік елдердің тұрғындары жарық шығаратын саңырауқұлақтарды түнде жолдарға жарық беру үшін пайдаланады. Ал әйелдер болса, оны нұр төгетін әсемдік үшін шаштарына қоса өріп алады. Австралия мен Калимантанда ақ түсті сәулесі шығаратын саңырауқұлақтар жергілікті тұрғындар үйлеріне жарық беру үшін пайдаланады. Әсіресе сол сәулесі шашатын саңырауқұлақтар өсіп тұрған ағаштар тым әсем-ақ.



Әзірлеген Нұрлан ҚҰМАР



Ұлытаудың қай жері де тарихқа бай. Дегенмен де, аудан орталығынан алпыс шақырымдай жерде орналасқан Талдысай аталатын жердің орны тіптен бөлек. Адамзат осы уақытқа шейін бірнеше дәуірді бастан кешкен ғой. Сол дәуірге қатысты орындарды, белгілерді басқа жерден іздеп басты қатырмай-ақ, бір-ақ жерден – осы Талдысайдан табуға болады. Көне тас дәуіріне қатысты белгі ретінде осы маңдағы үңгірді айтуға болар еді. Әрине, нақты тоқтамға келуде ертерек шығар. Алайда негіз бар. Үңгірдің аумағы көлемді әрі терең. Кезінде ерте замандағы адамдарға пана да болған секілді. Өзен төменіректе. Сондықтан да үңгірді су басып кете алмайды.

Неолит (жаңа тас дәуірі) пен энеолит (алғашқы металл өңдеу кезеңі) дәуірлеріне байланысты екі қоныс бар. Біреуі Жезді өзенінің жағасында. Аман нешік, ол жер сумен шайылып жатыр. Ал бұл арадан алыс емес Сарбұлақта алғашқы рет мыс балқытылған. Қола дәуіріне келетін болсақ, осы материалда бұған жан-жақты тоқталмақпыз. 1996 жылдан бері республикамыздағы

топырақтан аршылған жерлерде – қола дәуірінің, ғалымдар Андрон мәдениеті деп атау берген кезеңнің ғажайып белгілері. Біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдықтың орта кезеңінде осы жерде металл балқытылған. Металлургия өндірісінің бастау алған жері бұл. Үнірейіп пештердің орны тұр. Тіпті кен сақтайтын орындарға дейін сол калпында. Олардың сырты жалпақ

Талдысай – тұнған тарих



Ә.Марғұлан атындағы археология институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымының кандидаты Жолдасбек Құрманқұлов бастаған экспедиция Талдысайда қола дәуірінің қонысын тауып, жүйелі зерттеу жұмысын жүргізіп келеді.

Ерте темір дәуірі немесе сактар, яки алғашқы көшпелі малшылар уақытына дәлел бір ескерткіш бар. Ол «мұртты» қорған немесе оба. Маңында тастан үйілген қорғаншалар кездеседі.

Орта ғасырға қатысты – бұл Басқамыр қаласы. Сондай-ақ керуеншілерді, керуен жолын бақылайтын – Қарауыл мұнара. Ол тастан үйіліп жасалған.

Осыдан ширек ғасыр бұрын, күз айының басы болса керек. Жезқазғанға келген белгілі археолог ғалым, бүкіл ғұмырын археологияға арнап келе жатқан Ж.Құрманқұлов мені осы Талдысайға ертіп әкеліп, асықпай аралатқаны бар. Жаңағы үңгірді, Қарауыл төбесін, Басқамыр қаласының орнын сонда көрсеткен. Өзен жағасында керамика қалдықтары көп кездеседі. Жарқабақтағы көгілдірлеу күл түсін де байқап қалған. «Бұл жерде қола дәуірінің қонысы бар. Міндетті түрде зерттейтін боламыз» деп айтқан еді сонда.

Жақын сөзінде тұрған екен. Біраз қазба жұмыстары жүріпті. Кейін онымен бірге Талдысайда болғанда бұған анық көз жетті.

Жердің бетіне өте жақын. Бір метрге жетпейтін жерлер бар. Беті

тастармен қоршалған. Сол күйінде – мызғаман қалпы. Бұл жерден әзірге төрт пештің орны табылған.

– Мүлде жердің бетіне таяу жатыр ғой. Мұның сыры неде? – деп таңданысымызды білдірдім.

– Негізі, бабаларымыз Орталық Қазақстан аймағын Сарыарқа деп жайлап-жай айта салмаған. Бұл төңірек қазақтың өзге жерлерінен биігірек. Белгілердің жер бетіне жақындығы осыдан болса керек, – деді сапарласым.

Будан әрі археолог ғалыммен аралағы әңгіме былайша өрбіп кетті.

– Жәке, қоныстың қола дәуірінің екенін алғашқыда қалай білдініздер?

– Археологияны әзілдеп «Сынған ыдыстардың ғылымы» дейді. Әзіл болса да осы сөздің астарында шындық бар. Маңайдан керамика, мал, құс сүйектері кездесті. Жезді өзенінің арнасы 90-шы жылдары өзгеріс бастаған. Бұрынғы арна бойында тал өсіп, бекітіліп қалған да су өсімдігі жоқ жермен аққан. Қазір мұнда су жоқ. Жардан күл топырақ көрініп тұр. Осының өзі көп жайлап хабар береді.

Бір айта кететін нәрсе, қола дәуірінде осы жерде өмір сүрген адамдар металл өндіруді жетік меңгерген. 1975-1985 жылдары Атасу аталатын жерде қазба жұмысымен айналысып жүріп металлургия институтының мамандарын арнайы шақырдым. Олар да қола дәуіріндегі кен балқыту ісіне таңданыс білдірді. Адамдардың шеберлігіне тәнті болды. Тотыққан кенді күйдіріп,

онын ішіндегі күкіртті газды шығару жолдарын да білген. Түтін жүретін долдары баспаналарын жылыту үшін пайдаланған.

Жаңағы Атасуда жүргенде көңілге түйгенім, кенді 100-150 шақырым жерден қашықсыбай тасыған. Сірә, кені бар жер тіршілік етуге қолайсыздау болған. Ал Атасуда ағаш бар, су бар.

Табылған тас, сүйек болсын бәрі де пайдаланылған. Керексіз қалмаған. Адамдар тек мыс балқытумен шектелмеген. Мыстан, қоладан зат жасаған. Өйткені зат құйылған қалыптар табылды. Әшекей бұйымдар көбіне мыстан дайындалған. Мыстан түрі әдемі әрі жұмсақ. Июге ыңғайлы. Ал пышақ, балта, ұңғы секілді заттар берік болу үшін қоладан әзірленген. Қола қатты, алайда балқуы жеңіл.

Бұл жерден төрт түліктің бәріннің сүйегі кездесті. Адамдар түлкі, қасқыр, киік, құлан аулаған. Бірлі-жарым еліктің, маралдың сүйегі шырасты. Дуалақ секілді кішкене құстардың да сүйегі табылды. Олардың бәрі мұқият зерттелетін болады.

– Бір сұрақтың реті келіп тұрғаны. Ерсілеу болса да қоялық. Өзі ол адамдарды біздің ықпалы замандағы тегіміз деуге бола ма екен?

– Меніңше, солай деп атасак еш сөкеттігі жоқ. Оқулықтарға солай деп енгізіп те жатырмыз. Кешегі кеңес уақытында көп нәрсе айтылмады ғой. Түбеміздің түркі екендігі де ауызға алынбады.

Олармен бір байланысымыздың болғанына табылған керамика сынықтары дәлел. Солардағы таңбалар біздің алаша, текеметтеріміздегі ою-өрнегімізге келіңкірейді. Күлді олар қастерлеген, текке далаға шашпаған. Қажетсіз болса көміп тастап отырған. Мүмкін бұл сол уақыттағы сенімнің әсері. Олар күн, отқа, суға табынған ғой. Қазақтар күні бүгінге дейін «Күлді көшеге төкпе, күлді баспа, жаман болады» дейміз ме? Бұл ырым-тайымның қола дәуірінен бастау алмағанына кім кепіл?

Қазақтардың тағы бір қасиеті – туған жерді пір тұтқан. Тіпті қиын заман болып, басқа жаққа қоныс аударса да түбінде туған жерге табан тіреуге тырысқан. Бір ғажабы, қола дәуіріне қатысты қоныстардың үстінде қазақ ауылдары орын теуіп отырғанын

аңғаруға болады. Баспаналарында да ұқсастық бар. Есікті орналастыру, терезені жоғарыдан қалдыру баяғы қазақтың жеркөпесін еске түсіреді.

Жалпы қола дәуірі адамзат тарихында ерекше белес болған. Революциялық кезең деуге келеді. Өйткені бұған дейін адамдар табиғаттың дайын өнімдерін пайдаланды. Аң аулады, өсімдік жинады. Енді-енді қолға мал үйрете бастады. Сүйектен көп құралдар жасалған. Әшекей бұйымдар жасау үшін маралдың, бұланнның, бұғының мүйіздерін жаратқан. Атка мінген. Аттың ауыздығын, сулығын көп ретте маралдың мүйізінен жасаған. Сол уақытта егін еге бастаған.

– Мыс балқытқанын айтып жатырмыз. Негізі, Орталық Қазақстан металлургиясының көне дәуірдегі басты орталығы болғандығы көзге ұрып тұр.

– Иә, солай. Бірінші орталығы Жезқазған болса, екіншісі Ақадыр ауданындағы Ақмая, Атасу, Мыржық, Ақ Мұстафа аталатын қоныстар. Саяқ – үшінші орталық. Онда да көне дәуір қоныстары толып жатыр. Оған әлі жете қойған жоқпыз. Бұйырса барамыз. Төртінші орталық – Өспен айналасы.

– Тағы да Талдысай жөнінде. Бұл жерде қазба жұмыстарымен кімдер шұғылданады? Алдағы мақсат қандай?

– Кешегі демалыс уақытында Жезқазған университетінің отыз шақты студенті көмектесті. Қазір біздің институттың А.Еромолаева, С.Берденов, Ә.Манапова секілді жауапты қызметкерлері, жезқазғандық мамандар Л.Сембинова, Г.Жолашарова, болашағынан мол үміт күттіретін Д.Байтілеу, Ә.Ержанова іспетті жастар аталысуда. Осы жерде қаржылай көмек жасап отырған Қарағанды облысының әкімшілігіне, оның мәдениет басқармасына шынайы ризашылығымызды білдіре кеткім келеді.

– Бұл жерде итальяндық азаматтарды да кездестірдік. Олар қандай мақсатпен жүр?

– Олар біздің әріптестеріміз. Италиядағы Болонья университетінің оқытушысы Маурицио Катаньни бастаған екі студент. Италияда Қазақстанның, Орта Азияның көне мәдениеті туралы үлкен кітап шықты. Сол кітап арқылы біздегі археология жайымен танысқан. Бұлардың бір тобы Түрікменстан мен Өзбекстанда жұр.

Нұрперзент ДӨМБАЙ

КӨРМЕ

Сырға толы «Көктем әуені»



суреттейді, өз замандастарының тыныс-тіршілігін баяндайды. Қазіргі таңда көптеген суретшілер киіздің жана декоративтік мүмкіндігін аша отырып, осы материалмен өнімді жұмыс істеуде. Мәселен, С.Бапанованың «Күн» атты жұмысы көне түркі мифологиясы негізінде жасалып, терең философиялық мазмұнға құрылған. Киіздің бірден көзге түсетін ақ және қара

түсті қарама-қарсылығы монументалды композицияға тылсым сипат береді.

Ал «Қушкөн» техникасының авторлары Ж.Үмбетов пен А.Иханованың теріден жасаған бедерлі картиналары ерекше назар аудартады. Суретшілердің шығармашылығында әдемі түстік гаммада шешімін тапқан пейзаж маңызды орын алады.

Моңғолияда туып-өскен суретші Зейнелхан Мұхамеджаннның картиналары кестені жаңаша синтездеуімен және түстік ренктердің нәзік шешім табуымен көзге түседі. Бұл ұлттық колориті жағынан ғажайып жұмыстар ине мен түсті жіптердің көмегімен емес, графикалық техникада орындалған.

1970 жылдарда қазақстандық зергерлік өнерді И.Брякин, Ғ.Жалмұханов, Л.Игошин және т.б. шеберлердің күміс пен мельхиордан жасалған зергерлік жинақтары жана эстетикалық мазмұнда толықтырды. Бұл үрдіс кейіннен металмен жұмыс істейтін суретшілер М.Әлімбаев, Ө.Қаратаев, Н.Бектұрсынов жалғастырған ұлттық дәстүрден өз өрнегін тапты. Шығармашылығы қазақ халқының ежелгі мәдени мұрасымен байланыс тапқан суретшілер ежелгі космология, киелі таңбалар, руна жазулары, қазақтың ру таңбалары тақырыбына ден қойған.

«Көктем әуені» көрмесін Ә.Қастеев атындағы өнер музейінің сәндік-қолданбалы өнер орталығы ұйымдастырды. Көрме мамыр айының 20-на дейін ашық.

Дана ХАЛЫҚ

Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінде Қазақстан заманауи қолданбалы өнерінің «Көктем әуені» атты көрмесі ашылды. Көрмеге музей қорындағы сәндік-қолданбалы өнердің танымал шеберлерінің 100-ден астам туындысы қойылды. Бұлар – гобелендер, теріден жасалған картиналар, киіз паннолар, витраждар, қыш, фарфордан жасалған сәндік мүсіндер, кесте, күміс пен мельхиордан жасалған әшекей бұйымдар.

Қазақстан гобеленінің тарихы 1930 жылдардан бастау алады. Сол уақыттарда «Кілемші» артелінің жанынан гобелен дайындайтын шеберхана ашылған болатын. Эскиздерді жасауға белгілі қазақстандық суретшілер Ә.Қастеев, Ә.Ысмайылов, Н.Цивчинский, Г.Исмаилова атсалысты. Жұмысқа қазақ колөнерін жақсы меңгерген шеберлер қатысты. Ал 1970 жылдары гобеленнің ұлттық мектебінің жаңа тынысы ашылды. Оның негізін салушы – ұлттық дәстүрді жаңашыл идеялармен үйлестіру арқылы өзіндік және қайталанбас авторлық стилін қалыптастырған дарынды суретші Құрасбек Тыныбеков (1947-1980 жж.) болатын.

Қазақстан гобеленінің дамуына Б.Зәуірбекова, А.Иханова, К.Жүбанязова, Әлібай және Сәуле Бапановтар, Р.Базарбаева, М.Мұқанов және т.б. суретшілер зор үлес қосты. Олар өз туындыларында ежелгі көшпелі мәдениет тарихына ден қояды, Қазақстан табиғатының ерекшелігі мен сұлулығын



